



№8 (158), 2021
(Тамыз-Август)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

С. ӨТЕНИЯЗОВ

Қазақ түркологиясының атасы – Ф. Айдаров3

А. ШОТАН

Мектеп жасындағы жалпы сөйлеу тілі дамымаған
балалардың психологиялық-педагогикалық
ерекшеліктері10

Л. АБҰЛОВА, А. ҚҰТТЫБАЕВА, Т. ЗАКОРА, А. МҰҚАНОВА

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған
балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі15

Н. КАРИМОВА

Бала психологиясының дамуында ойынның рөлі18

Т. ЗАКОРА

Воспитание правовой культуры20

А. САТҚАНҒҰЛОВА

Қиындықтың алдын алуға арналған психологиялық жұмыс
түрлері24

А. ОЛЖАЕВА

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің оқу
мотивациясының қалыптасу ерекшеліктері27

А. ИСМАГУЛОВА

Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі жайында30

Г. СИСЕНОВА

Құндылықтар әлемі31

А. ИМАНГАЛИЕВА

Психологическое занятие для 4 класса «Познай себя»34

Ж. БИСЕНОВА

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған психологиялық
тренинг-сабақ37

Г. САКЕЕВА

Жеткіншек жастағы қиын балалардың мінез-құлқын анықтау
жолдары39

Б. БЕЙСЕКЕЕВА

Әжемнің баласы едім42

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
күелігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

09. 08. 2021 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел :

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Қ. Жарықбаев – редакция
алқасының төрағасы, психол. ғ.д.,
проф. (Алматы, ҚазҰУ)

О. Саңғылбаев – психол. ғ.д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ.д.,
проф. (Алматы, «Қайнар»
Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ.к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ.д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф.
(Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар
редакцияның пікірін білдір-
мейді. Фактілермен мәліметтердің
дұрыстығына авторлар жауапты.

Журналға шыққан материалдардың
стильдік қателіктеріне редакция
жауап бермейді. Қолжазбалар мен
фотосуреттер рецензияланбайды және
қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не
отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достовер-
ность фактов и сведений в публи-
кациях несут авторы. Рукописи и фото-
снимки не рецензируются и не возвраща-
ются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
Кубигул ЖАРИКБАЕВ

Журнал перерегистрирован в Минис-
терстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 09. 08. 2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб. т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times
New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен
аспайтын Microsoft Word бағдарламасында
сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы
толық әрі нақты мәлімет болуы керек.
Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақалаңызға
қосымша журналға жазылғандығыңыз
жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз
жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын.
Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда
байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге
керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет
арқылы электронды поштаға ([pedagog-ltd@
mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru), aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы,
бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына
жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть
напечатаны на компьютере и сохранены в формате
программы Microsoft Word. Объем не более 2-х
страниц. Сведения об авторе должны быть точными
и полными. К высылаемому материалу приложить
копию квитанции о подписке на журнал. Материалы
отправляйте электронной почтой ([pedagog-ltd@
mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru), aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.


Қазақ түркологиясының атасы – Ғ. Айдаров

С. ӨТЕНИЯЗОВ

21 маусым күні Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде белгілі, түрколог, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері Ғұбайдолла Айдаровтың дүниеге келгеніне 100 жыл толу құрметіне арналған «Түркітану және Ғ. Айдаров» атты халықаралық конференция болды. Конференция ұлттық университеттің кітапханасының төртінші қабатында өтті.

Сағат 11.00-де басталатын бұл конференцияға біз ертерек келіп кітап көрмесін қарадық. 30 жыл егемендік кезіндегі жетістіктерімізді көрсететін шығармалар мен Түркологияға қатысты көптеген кітаптар көрмеге қойылған екен. Тек Ғ. Айдаровқа арналған бөлім көзімізге жұтаңдау көрінді. Оның бұрыннан белгілі төрт көлемді кітаптары (үшеуі орысша біреуі қазақ тілінде) жоқ болып шықты. Біз көрмені ұйымдастырған қыздардан сұрадық *Бұл қалай* деп. Біз сұраған кітаптар университет кітапханасында жоқ болып шығыпты. Сондықтан барымен базар етіп тұрған жағдайы екен. Әттең біз оны білгенде үйден өзіміз ала келетін едік. Жалпы Ғұбекеңнің кітаптары алтындай қадірлі болғандықтан және олардың жарыққа шыққан бойдан көп ұзамай библиографиялық сирек кітапқа айналатыны шындық.

Көп ұзамай конференция өтетін залға кіргенімізде өкінішіміз тез басылып жан дүниемізді қуаныш кернеді. Залдағы стол үстінде сары алтындай жарқырап «Язык Орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века» атты Ғұбекеңнің 1971 жылы шыққан кітабының жаңа басылымы көзімізге оттай басылды. Президиум столында осы кітаптардың бір бумасы қызыл лентаға оралып тұсау кесерді күтіп тұр екен. Аталған фундаментал кітапты **Дархан Қыдырәлінің** басшылығымен қайта басып шығарған Халықаралық Түркі академиясы екен. Біздің қуа-



нышымыздың шегі болған жоқ. Дархан бауырымызға және Қазақ ұлттық университетінде Ғ. Айдаровқа арнап Халықаралық конференция ұйымдастырған **Ж.Қ. Түймебаевке** шексіз алғыс айттық және баспасөз арқылы тағы айтамыз.

50 жылдан кейін қайта басылған Ғұбекеңнің кітабының тұсау кесер салтанаты болды. Оған тағы бір тарихи оқиға қосылды.

Халықаралық Түркі академиясы және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою рәсімі салтанаты болды. Одан ары қарай үшінші тарихи оқиға Халықаралық конференция өз жұмысын бастады.

Модератор Қыдырәлі Дархан конференцияны кіріспе сөзімен бастап алғашқы баяндаманы университет ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевке берді...

Екінші баяндамашы онлайн арқылы Түркия ғалымы филология ғылымдарының докторы **Серткайя Осман Фикри** болды... *Үшінші* баяндамашы белгілі түрколог Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясы Нахичеван филиалы, Өнер, тіл және әдебиет институт директоры **Кулиев Абулфаз Аманоглы** сөз алды...

Одан кейін сөз алған Ресейлік ғалым, РФ ҒА Уфа ғылыми орталығы Тарих тіл, әдебиет зерттеу институті, ф.ғ.д. профессор **Хисаметдинова Фердауси Гильмитдиновна** Ғұбекең туралы естеліктер айтты.

Ташкенттік ғалым **Бабаяров Ғайболла** т.ғ.д. профессор, Ә. Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі мен әдебиеті институті қызметкері Ғұбекең туралы өз баяндамасын қазақ тілінде жасады.


Қонақтардың ішінде соңғы сөз алған Қырғызстандық түрколог ғалым ф.ғ.д. **Қоңқобаев Қадырәлі** профессор да болды.

Одан ары қарай Ғұбекеңнің қырық жылдай қызмет еткен қара шаңырақ, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтінің директоры **Фазылжанова Анар Мұратқызы** сөйледі.

Ғұбекеңмен көп жыл бірге қызмет істеген **Ерден Қажыбекұлы** сөйлеп көп естеліктер айтты. Жалпы барлық баяндамашылар Ғұбекеңнің көп қырлы және қажырлы ғылым жолындағы ерліктерін айтты. Оның өмірі мен қызметі ерекше үлгі боларлық және батырлық пен ерлікке толы екенін айтқан **Дархан Қыдырәлі** Кеңес өкіметі тұсында осы жабық теманы қолға алып көтерудің өзі ерекше ерлік пен батылдық болғаны және оны жеріне жеткізе зерттеп жаңалық ашқан Ғұбекең екені, ол сондай ақ Түркология ғылымының атасы екені біздің мақтанышымыз деп түйіндеді.

Одан ары конференция тақырыбы осындай керемет ғалымды ғылымға алып келген қазақтың біртуар азаматы, ғалым дипломат академик **Төлеген Тәжібаевке** ауысты. Университет профессоры **С.К. Өтениязов:**

- БҰҰ да алғаш рет ағылшын тілінде баяндама жасаған, 1944-59 жылдары Қазақ ССР Сыртқы Істер министрі және 1948-53 жылдары Қазақ



Мемлекеттік университеті ректоры (ол кезде С.М. Киров атында) болған белгілі қоғам қайраткері дипломат ғалым, қазақ психология ғылымының негізін салушы Төлеген Тәжібаев туралы баяндама жасады. Ғұбекеңді ғылымға әкеліп аспирант еткен және басқа да қамқорлық жасаған адам туралы қысқаша айтып, университет

ішінде **Т. Тәжібаев атындағы Республикалық этно психологиялық ғылыми зерттеу орталығына** биыл 30 жыл толатынын хабарлады. Т. Тәжібаев шәкірттерінің ішінде ең атақтысы Ғ. Айдаров екенін ерекше атап өтті.

Одан ары Ғұбекеңнің дипломат баласы **Науырыз** сөйледі. Университет ректоры Ж. Қ. Түймебаев қорытынды сөз сөйлеген соң осынау тарихи конференция жұмысын аяқтады.

1971 жылы жарық көрген Ғұбекеңнің **ЯЗЫК Орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века** атты Түркология ғылымындағы әйгілі кітабы туралы бірер сөз айтатын болсақ, бұл оның жарыққа шыққан үшінші көлемді еңбегі еді. Алматыда «Ғылым» баспасында 2200 данамен басылған болатын. Сол заманда бұл ғылыми кітаптар үшін көп тираж (таралымы) деп есептеледі. Мысалы ең көп сұранысқа ие болған Ш.Ш. Уәлихановтың I томы 1961 жылы жарыққа 7900 данамен шығып еді.

II томы 1962 жылы 3400 данамен,

III томы 1963 жылы 2500 данамен шыққан болса,

IV томы 1968 жылы 3800 данамен жарық көріп еді.

Сондықтан біздің айтарымыз көпшілікке арналмаған Ғұбекеңнің ғылыми кітабы 2200 данамен жарық көруі оның көп тиражбен басылып шыққанын көрсетеді. Сонау 70-жылдары біз Түркологияның осы аса құнды фундаментал кітабын Одесса Мемлекеттік университетінде, ғұндар тарихы мен тілін зерттей жүріп таныстық. Мен ол кісінің ертедегі түркі жазулары туралы ірі кесек фундаментал зерттеулерімен университет қабырғасында жүріп танысқан едім. Тағы бір қараған кітабымыз-

дың бірі қазақ ғалымы **Құрышжановтың** қыпшақ тілі туралы еңбегі еді. Ғұбекеңнің кітабына сұраныс көп болғаны соншалық көп ұзамай библиографиялық сирек кітапқа айналды.

Қазақ Түркология ғылымын аспанға көтерген кітап Кіріспе және төрт тараудан тұрады. Олардың тақырыптары мен мазмұны төмендегідей.

Кіріспе бөлім Алғысөзден және автордың өзіне дейінгі ғұлама зерттеушілердің еңбектеріне жалпы шолу жасап олардың жетістіктерінің дейгейін нақтылап көрсеткен. Одан ары Ертедегі түркі жазуларының түрлерін жіктеген (12-40 беттер). Әр жерден табылған руникалық жазуларды топтастырып расшифровка жасаған және оларды мұқият зерттеген Ғұбекең енді олардың граматикасын жасап шыққан. Енді граматикаға зер салсақ:

БІРІНШІ БӨЛІМ ФОНЕТИКА Әліппеден одан ары дауысты және дауыссыз дыбыстардың граматикасынан тұрады.

ЕКІНШІ БӨЛІМ ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ деп аталады. Термины родства атты құнды тарауда ертедегі бабамыздың көп сөздерінің қазіргі түркі халықтарында кездесетіндігі, әсіресе қазақ тіліндегі терминдерге сәйкес келетіндігі көрсетілген. Жалпы екінші бөлім кітаптың 84-152 беттерін алып тұр.

ҮШІНШІ БӨЛІМ МОРФОЛОГИЯ 152-254 беттер. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктердің үлкен бөлігі қазіргі түркі тілдеріне әсіресе қазақ тіліне дәл келетінін бұрынғы зерттеушілер назарынан тыс қалғанын көреміз. Ал етістіктің грамматикасы қалайша жіктелгенін көргенде керемет сүйсінесің.

Мысалы қазақ тілінің Есімшесі **-ған, -ген, -қан, -кен** жұрнақтары арқылы жасалса (*барған, келген, айтқан, ішкен, жеген*) ертедегі бабаларымыз тілінде **-мыс, -міс, -мыш, -міш** жұрнақтарымен жасалатынын көрсеткен. Бұл есімшенің құралуының Оғыз группасы тілдеріне, яғни қазіргі Осман түріктері тіліне дәл келетінін көрсетеді.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ СИНТАКСИС 255-284 беттер аралығында берілген. Одан ары қарай ескерткіштердің текстері және олардың транскрипциясы, расшифровкаланған нұсқалары мен аудармалары және түсініктері жазылған.

Осынау көздің майын тамызып зерттелген дүние әрине Ғұбекеңнің қажымас қайраттылығын және оның түркі халықтарының тілдерін жетік білетіндігін көрсетеді. Еуропа зерттеушілерінен Ғұбекеңнің артықшылығы да сонда екенін көреміз. Ғұбекең түркмен, қазақ, өзбек, азербайжан, түрік және хорезм тілдерін жақсы білген. Педучилищені бітірген соң әскерде одан соң соғыста болып орыс тілін жетік меңгерген. Соның барлығы Ғұбекеңнің зерттеу жұмыстарына батыл кірісуіне көмегі болған.

Міне осы кітаптың араға елу жыл салып жаңа басылым көруі ерекше тарихи оқиға және Түркология әлемінің орасан үлкен қуанышы болды.

Түркология ғылымы XIX ғасырдың ақырында дами бастады. XX ғасырда көптеген биіктерге көтерілді. Ғылымның осы саласына қызығушылық көбейген себепті көптеген жетістіктерге жетті. Еуропаның дамыған елдері университеттерінде Түркология кафедралары жұмыс істеді, зерттеді қазір де зерттеп жатыр. Еуропа ғалымдары Сібір жеріндегі тастарда сақталған руникалық түркі жазуларын XVIII ғасырдың басында алғаш көріп қағазға түсіре бастаған. Солардың кейбіреулерін атап айтсақ Н.К. Витзен, С.У. Ремезов, И. Страленберг, Д.Г. Мессершмидт, Г. Спасский (Записки о Сибирских древностях, 1818 г.) , М.А. Кастрен, т.б.

Алайда, 1889 жылы Н.М. Ядринцев Монголиядағы Орхон өзені аңғарында тапқан Күлтегін, Мойын Шор ескерткіштері табылған соң Түркология ғылымының осы саласына үлкен серпіліс пайда болды. 1893 жылы дат ғалымы В. Томсен осы табылған түркі жазуларын зерттеп оқып алғаш рет ғалым түркологтар назарына ұсынды. 1896-97 жылдары Талас өзені аңғарында Әулие Атаға жақын жерде В.А. Калаур мен фин археологы А. Гейкель руна жазулары жақсы сақталған бес тасты тапты... Сол текстерді В.В. Радлов неміс тіліне аударды. Неміс тілінен П.М. Мелиоранский орыс тіліне аударды. Сол кезден бастап Түркология ғылымының осы саласы үздіксіз зерттеле бастады. Одан беріде қаншама тастағы жазулар табылды.

Содан бергі замандағы зерттеушілерді атап айтсақ, ұзын саны біраз болады (В. Бангу, Г.И. Рамстедт, А. Лекоку, В. Котвич, Ю. Немет, Н. Асилов, Х.И. Оркун С.Е. Малов, А.Н. Бернштам, ж.б.). Түркология ғылымының осы саласын зерттеу әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Солардың жуан ортасына кіріп ерекше орын алған, яғни тың жаңалықтар ашқан қазақ ғалымы профессор ф. ғ. д. профессор Ғұбайдулла Айдаров (1921-2001) еді. Ол шын мәнінде XX ғасырдың батыры еді. XX ғасырдың бірінші жартысында Ұлы Отан соғысына қатысып жанкешті ерлігімен ел қорғады. Ал ғасырдың екінші жартысында ғылымда яғни Түркология саласында қыруар еңбек етіп ерлік жасады.

Сонау 1950 жылдары осы ғылым саласына Ғ. Айдаровты алып келген тарихи тұлға туралы айтуға міндеттіміз. Ол қазақтың біртуар азаматы ғалым дипломат Төлеген Тәжібаев еді. **Төлеген Тәжібаев** (1910-1964) – ғалым, педагогика ғылымы докторы, Қазақ психология ғылымының негізін қалаушы Қазақстан ҒА академигі (1954), 1935 жылы Мәскеудегі ком-

мунистік тәрбие академиясын, аталған академияның аспирантурасын бітірген. 1938-40 ж. ҚазПИ-да кафедра меңгерушісі, 1940-44 ж. Халықартау комиссары, 1944-57 ж. ҚазКСР-нің Сыртқы істер министрі, 1948-53 ж. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың ректоры, 1957-61 ж. КСРО-ның Үндістандағы елшісі, 1961-64 ж. ҚазМУ-да педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Ол педагогика ғылымы саласында Қазақстандағы тұңғыш доктор және академик. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі II-IV шақырылымдарының депутаты. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған абзал жан еді...

Міне біздің Ғұбекең осындай ұлы адамның шәкірті еді. Ауылда мектепте мұғалім болып жүрген жерінен ҚазГУ-ге шақырып алып аспирант етіп қабылдағаны туралы Ғ. Айдаров былай деп еске алған еді:

- Ол ерекше бауырмал және өте іскер профессор екен. Бірнеше кездескен соң: – Айналайын, қолыңнан іс келетін, жаза білетін бала екенсің. Сен ғылыммен айналыссаң жақсы болар еді. Сен сияқты ғылымға икемі мен таланты бар қазақ балалары жетіспейді. Сен бізге қажетсің... Маған аспирант болып кел... алғашқы кезде материалдық жағынан біраз қиындық көрерсің, себебі аспиранттың стипендиясы көп емес. Ал сен ауылда мұғалімнің жетпейтіндігінен бір емес екі ставка сабақ беріп жүрсің, завуч, директор боласың ... қысқасы жағдайың жақсы... Мұнда біраз қиыншылықтар болады. Әрине, өзім көмектесем... Аздап сағат бөліп лекция оқытармыз. Сен көнбейтін қиындық бола қоймас. Бес жыл соғыста болып талай тауқыметті көрген ер жігітсің ғой, шыдайсың... – деп мені аспирантураға алды, - деп ерекше тебіреніп айтқан Т. Тәжібаев туралы талай әңгімелерін тыңдадық.

Сол аспирантураға түскен күндер ең бір таза, арманшыл, оқуға, білімге, өмірге, көк аспанға, поэзияға, сұлулыққа, аруға іңкәр шағы, яғни жемісті жылдары басталған еді. Өзіне қойылған міндетті қажымас қайратты Ғұбекең артығымен орындап шығып әкелік қамқорлық жасаған ұлы ұстазы Т. Тәжібаевты төбесін көкке жеткізе қуантып алғысын алған еді.

Ғұбекеңнің ұстазының өзі, яғни оның талантын танып ғылым жолына салған адам қазақтың біртуар азаматы өз заманының батыры **Төлеген Тәжібаев** болатын.

Көп ұзамай Ғ. Айдаровтың дүние жүзіне белгілі ғалым болып Түркі руникалық жазуының маманы болғаны белгілі. Тоғыз баланың әкесі ф.ғ.д. профессор Ғ. Айдаровтың «Ең болмаса бір баламды Төлеген Тәжібаев ұстазым секілді дипломат етсем» деген арманы Қазақстан егемендік алған жылдары жүзеге асты. Оның бір баласы **Науырыз Айдаров** дипломат.

Сонау 1944 жылы Қазақстанды БҰҰ-на мүше етсем деген Т. Тәжібаевтың (сол кезде *Сыртқы Істер министрі*) арманы 1992 жылы еліміз егемендік алған соң орындалды.

Адамзат тарихындағы әрбір халықтың әліппесі яғни әріппен жазылатын дыбыстарының орфографиясы тарихи дамуын көрсететін үлкен белгі.

Ғылымның осынау аса қиын және өте қажетті саласына кіріп Еуропаның ірі ғалымдары арасынан қомақты орын алған Ғ. Айдаров шын мәнінде Қазақ гуманитарлық ғылымының мақтанышы болып тарихта қалды.

Халық әрқашанда өз батырларын біле бермейді. Мысалы Ғұбайдулла Айдаровты халқымыз ғылым докторы, профессор деп жалпылама есімі мен атағын ғана біледі. Оның шын мәнінде дүниежүзілік ғылымдағы орнын тек ғылыммен айналысатын адамдар ғана біледі. Осындай түркология ғылымының мақтанышы майталман ғалымның қазақ баласы болуы ғажап құбылыс яғни ерекше жағдай болды.

Мен академик Ә.Х. Марғұланмен 1980 жылдың басынан бері тығыз байланыста болдым. Әлекеңнің столында Ғұбекеңнің маған таныс 1971 жылы жарық көрген үлкен кітабы тұратын және ол соны жиі қарайтын еді. Біз сонда сол кітап туралы талай әңгіме құрғанбыз...

Ғұбекеңнің еңбектерін білгенмен өзінің бізге жерлес екенін білгендегі қуанышымның қандай болғанын көрсеңіз ғой. Осы аса құрметті ағамызды сыртынан білгенмен өзімен жеке танысқаным 1980 жылы 15 маусым еді. Ол да бір тарихи күн еді. Сол күні жерлесіміз Көбейсін Батманов Химия ғылымының Катализ саласынан керемет жаңалық ашып Қазақ ССР Ғылым Академиясында кандидаттық диссертация қорғаған еді. Көбейсіннің әкесі ардақты ағамыз Бердібай Батманов мені Алматы ресторанына кешкі банкет тойдан бұрынырақ кел деп өтінген еді. Мен келгенде сол ресторанның директоры Ибулла Сариев ағамыздың кабинетінде біренеше адам қымыз ішіп отыр екен. Сонда отырған Ғұбекеңді мен алғаш көріп, танысқан едім... Ғұбекеңнің: - *Мына бала да Балықшы ма?* - деп мені сұрағаны әлі есімде. Мені сол кездесуде Бердібай Батпанов атамыз: - *Енді сіздер осы балаға қамқорлық жасауыңыз керек,* - деп мені Ғұбекеңе ерекше тапсырып еді...

Сол күннен бастап біз Ғұбекеңмен өте тығыз байланыста болдық. Бір жылдан соң менің нағашым Шәкен Бейсенов қайтыс болды. Соның барлық шараларын Естөре Оразақов атамыз бен Ғұбекең басқарды. Мен солардың жанында болдым. Сол кездегі ардақты ақсақалдарымызды еріксіз еске алсақ олар: Тұрар Қондыбаев, Шайқы Еркеғұлов, Жұмаш Ешмұратов, т.б. үкімет пен ғылымға ерекше еңбегі сіңген ардақты адамдар еді.

Ғұбекеңмен талай рет мереке тойларда бірге болдық. Бірнеше рет іс-сапарларға шықтық. Алматы, Түркістан, Маңғыстау облыстарына бірге бардық.

Ғұбекең арқылы басқа ағаларымды қалай тапқанымды айтсам, олар бір дастан.

Ғұбекеңнің балалық шағына менің өмірім де ұқсайды. Әке шешенің жанында болғаны әрине жақсы ғой. Алайда жас кезінде әке шешеден айрылған бала еркін болады. Көкірегінде жалын оты бар бала әке шешесіз ақ шыңға жарып шығады. Ғұбекең ата-анадан ерте айрылған соң жетімдер үйінде болып он үш жасынан бастап өз еркімен өз өмір жолын бастаған...

Мектеп жасындағы жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың психологиялық- педагогикалық ерекшеліктері

А. ШОТАН

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді нақты жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл өз кезегінде, қазіргі қоғамның талаптары білім берудің жалпы және арнайы психология мен педагогика ғылымдарының салаларында басым өзгерістер енгізілуіне себеп болып отыр. Сондықтан да бүгінгі таңда барынша қалыпты баланың болсын, ерекше қажеттіліктері, қабілеттіктері бар баланың болсын, тұлғалық қалыптасуына, дамуына бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің жаңа жолдарын іздестіру үлкен маңызға ие.

Қазіргі уақытта әлем бойынша дамуында кемшіліктері бар балалар мен жасөспірімдерді қоғамға әлеуметтік бейімдеу мәселесіне ерекше назар аударылуда. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту міндеті көзделген. Баланың толық тұлғалық, жағымды психофизиологиялық дамуын қалыптастыру, мектепте

дұрыс білім алуы үшін уақытында сөйлеу тілін меңгеру өте маңызды. Осыған байланысты, соңғы кездері арнайы психология мен педагогикада мектеп жасындағы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар үлкен қызығушылық тудырып отыр.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы баланың интеллектуалды, сенсорлы, ерік аяларының қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Сөйлеу тілі бұзылыстарымен психикалық дамудың басқа жақтарының арасындағы байланыс екіншілік ақаулардың пайда болуына себепші болады. Сондай-ақ, ойлау операцияларының (салыстыру, топтастыру, талдау, жинақтау) меңгеруге қажетті алғы шарттарын меңгергенімен балаларда сөздік-логикалық ойлауы дамымаған болады да, ойлау операцияларын қиналып меңгереді. Т.Д. Барменкованың экспериментальды зерттеулері бойынша (1997 ж.), ЖСТД мектеп жасына дейінгі балалар логикалық операциялардың қалыптасу деңгейі бойынша қалыпты дамып келе жатқан өз құрдастарынан айтарлықтай артта қалады.

Логикалық операциялардың қалыптасу деңгейі бойынша балаларды 4 топқа бөледі.

Бірінші топ балаларының вербальді және вербальсіз логикалық операцияларының қалыптасу деңгейі жоғары, сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалардың көрсеткіштеріне сәйкес келеді, танымдық белсенділігі, тапсырмаға қызығушылығы жоғары, бағытты әрекеті тұрақты және жоспарлы.

Екінші топ балаларының логикалық операцияларының қалыптасу деңгейі жас ерекшелігіне сай емес, төмен. Сөйлеу белсенділігі төмен, балалар сөздік нұсқауды қабылдағанда қиналады, қысқа уақытта есте сақтаудың көлемі шектелген, сөздер қатарын есте сақтай алмайды.

Үшінші топ балаларының бағытты әрекеті бұзылған, ол вербальді және вербальсіз тапсырмаларды орындағанда байқалады. Оларға зейінді шоғырландыруының жеткіліксіздігі, танымдық белсенділік деңгейінің төмендігі, қоршаған орта туралы түсініктерінің аздығы, себеп-салдар байланыстарын түсінудегі қиындықтар тән. Алайда, логопед тарапынан тиісті көмек көрсетілген болса, балалардың абстрактілі түсініктерді меңгеруге қажетті әлеуеттік мүмкіндіктері жақсарады.

Төртінші топ балаларына логикалық операциялардың жетілмеуі тән. Балалардың логикалық әрекеті өте тұрақсыз, жоспарлауы жоқ, танымдық әрекеті төмен, тапсырмаларды дұрыс орындауын қадағалай алмайды. Бірқатар авторлар ЖСТД балалардың зейін көлемінің және оның тұрақтылығының жеткіліксіздігін, оның таратуының мүмкіндігі шектеулігін атайды. ЖСТД балалардың мағыналық, логикалық есте сақтауы сақталғанымен, вербальді есте сақтауы төмен, есте сақтаудың өнімділігі

төмен. Олар күрделі нұсқауларды, тапсырмалардың элементтерімен кезектілігін ұмытып қалады.

Сөйлеу тілі бірінші деңгейіндегі балалардың есте сақтау белсенділігінің төмендігі танымдық әрекеттің даму мүмкіндіктерінің шектеулігімен бірге жүреді. ЖСТД балалар күрделі жағдайларда затты көріп тану кезінде заттың бейнесін белгілі бір қиындықпен қабылдайды, оны тану үшін балалар көп уақытты қажет етеді, жауап беру кезінде сенімсіздік байқалды және затты танып білу кезінде қателер жібереді.

«Үлгімен сәйкестендіру» тапсырмасын орындаған кезде олар бағдарлаудың қарапайым формаларын қолданады. Мысалы, ЖСТД балалар модельді перцепциялық әрекет бойынша тапсырма орындағанда көріп салыстыру тәсілін аз қолданды. Балалардың көріп қабылдауын зерттеу нәтижесінде ЖСТД балаларда оның жеткіліксіз қалыптасқаны байқалады. Мнестикалық зерттеу нәтижесінде ЖСТД балалардың сөздік нұсқауды есте сақтауы сөйлеу тілі қалыпты балалармен салыстырғанда нашар екені анықталды.

Сөйлеу тілі бұзылған балалардың барлығында дерлік фонетико-фонематикалық қабылдау кемшілігі кездеседі және сөйлеу-есту мен сөйлеу-қозғалу анализаторларының байланысы міндетті түрде байқалады. Кейбір жағдайларда айтылуда қарама қайшылығы жоқ фонемалар ажыратылады, енді бір жағдайларда айтылуда дифференциалданатын фонемалардың өзі ажыратылмайды. Және мұнда қандай да бір белгілі пропорция сақталады: дыбыстауда қанша дыбыс саны дифференциалданса, соншалықты фонеманы естіп ажыратуға болады. Дыбыстаудағы «тірек» қаншалықты аз болса, фонема бейнелерін қалыптастыру соншалықты нашар болады. Ал фонемалық есту қабілетін дамыту тілдің барлық жағын қатар қамтып дамытумен тікелей байланысты, бұл өз кезегінде баланың жалпы дамуын қамтамасыз етеді.

Сөйлеу патологиясы бар балалардың барлығында аталған психикалық қызмет тежеле дамиды. Зерттеулер көрсеткендей, нақты объектілер мен бейнелерді көру арқылы қабылдау бұл балаларда анағұрлым төмен деңгейде болады, әсіресе, таныс емес ракурста берілген бейнелер мен заттарды тану қиындық туғызады. Олар заттың бейнесін қабылдау үшін ұзағырақ уақытты қажет етеді. Сөйлеу тілі бұзылған балалардың зейіндері де бірқатар өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады: олардың зейіндері тұрақсыз, ырықты зейіндері төмен, өз іс-әрекеттерін жоспарлай алмайды. Мақсатты әрекеттерде, оның ішінде, шешім қабылдауда зейіндерін шоғырландыра алмайды.

Модальдық тітіркендіргіштердің түріне қарай (есту немесе көру) олардың шоғырлануы да әртүрлі: айталық, көріп қабылдағаннан гөрі, естіп

қабылдаған инструкцияны орындау анағұрлым қиынырақ. Бірінші жағдайда жіберілетін қателердің саны анағұрлым көп, себебі, түс, форма, фигуралардың орналасуы бойынша дифференциация жасау бұзылған.

Жалпы тіл дамуы жетілмеген балалардағы іс-әрекет қарқыны жұмыс процесінің соңына қарай төмендейді. Және сөйлеу мен тәжірибелік іс-әрекет арасындағы зейіннің таралуы өте қиын, тіпті мүлдем шешілмейтін мәселе болуы мүмкін. Сонымен бірге сөзбен нақтылау, констатация жасау реакциясы басым, ал қалыпты дамудағы балаларда керісінше, орындалып жатқан іске қатысты мұндай қабаттасқан реакциялар байқалмайды. Жалпы тіл дамуы тежелмеген балалардағы зейін кемшілігінен кететін қателер іс-әрекет барысында сақталады, олар мұны дер кезінде байқап түзете алмайды. Қателердің сипаты мен таралу уақыты сапалық жағынан сау балалардан өзгеше екендігі белгілі.

Сөйлеу тілі бұзылған балалардың көрнекі-бейнелік ойлау қабілеттерінің ерекшеліктерін Дж. Равеннің түрлі-түсті прогрессивтік матрицасының балаларға арналған нұсқасының көмегімен зерттеу (М.А. Фотекова) тапсырманы сәтті орындаған бастауыш сынып оқушыларының құрамы бірыңғай емес, жоғарыдағы әр топтан жиналғаны анықталды. Көрнекі тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша ең көп жетістіктерге жеткен топтағы балалардың тілдік патологиясы тым өрескел емес (дыбыстау кемшіліктері мен грамматикалық құрылысты жеткіліксіз игеру). Жалпы тілі жетілмеген балалардың 37%-ға жуығы көрнекі есептерді шығаруда төмен деңгейді көрсетті. Оқушылардың тек 7% ғана танымдық іс-әрекеті қалыпты дамудағы оқушылардың көрсеткіштеріне жақын екендігі белгілі болды.

Ойлау операцияларының дамуы үшін қажетті машықтарды меңгере отырып, балалар кейде көрнекі-бейнелік ойлау түрін толық меңгере алмайды. Яғни, егер арнайы үйретпесе, олар талдау, топтау, салыстыру, классификация жасау, артық ұғымды бөліп алу, аналог бойынша тұжырым жасау сияқты дағдыларды меңгере алмайды. Көрнекі-бейнелік ойлау кемістіктері ми қыртысының төбе-шүйде аймақтарының зақымдануынан салдарынан пайда болады. Көрнекі-бейнелік ойлау түрінің қалыптаспауы көп жағдайларда тіл кемістігінің ауырлық дәрежесімен байланысты (Т.А. Фотекова, 1993). Сондай-ақ, жалпы тілі дамымаған балаларға ойлаудың ригидтілігі, яғни ебедейсіздігі тән (Л.И. Белякова, Ю.Ф. Гаркуша, О.Н. Усанова, Э.Л. Фигередо).

ЖСТД балаларға жалпы соматикалық әлсіздігімен қатар қимыл аясының дамуындағы кейбір кешеуілдеулер тән; қимылдарының тепе-теңдігі әлсіз, қимылды орындау жылдамдығы мен дәлдігі төмен. Сөзбен нұсқау бергендегі қимылдарды орындауда балалар өте қиналады.

Г.Р. Шашкина, Л.П. Зернова, И.А. Зиминаның (2003) зерттеулері бойынша, ЖСТД балаларда моторикасының барлық түрлерінде – жалпы, мимикалық, ұсақ және артикуляциялық қимылдардың тепе-теңдігінің жеткіліксіздігі байқалады.

Моториканың даму деңгейі орташа балаларда кейбір сынақтарды орындаған кезде қосымша қимылдар жасауы байқалады, тапсырма орындау үшін олар ұзақ уақытты қажет етеді. Сөздік нұсқау бойынша тапсырмаға қарағанда, тапсырманы көрсету бойынша орындауы жоғары. Моторикасының дамуы жоғары деңгейдегі балалар жас мөлшеріне жақындатылған: ұсақ және артикуляциялық моторикасы жақсы дамыған. Мұны, мектепалды даярлық топ балаларымен түзету жұмысы ұзақ уақыт жүргізілгендікпен түсіндіруге болады.

ЖСТД балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау барысында алынған мағлұматтар логопедтің осы балалармен оқу процесін ең тиімді жүйе бойынша жоспарлауға және әр балаға арналған түзетудің жеке әдістерімен тәсілдерін іріктеуге мүмкіндік береді.

Мектеп жасындағы ЖСТД балаларды оқыту және тәрбиелеу.

Мектеп жасындағы ЖСТД балалар сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы мектептерде оқиды. Сондай-ақ ПМПК-нің шешімі бойынша инклюзивті білім бағдарламасы енгізілген жалпы білім беретін мектептерге де жолдау ала алады. Мен қызмет ететін мектепте инклюзивті білім беру бағыты бойынша ЖСТД 5 бала білім алуда. Оқытудың мазмұны мен әдістемелері оқушылардың сөйлеу тілінің даму заңдылықтарын ескере отырып құрастырылған.

Ондай балаларда сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің жүйелі бұзылуы байқалады. Сөз қоры шектелген, дыбыс айтуы бұзылған, фонематикалық қабылдауы жетілмеген, ауызша сөйлеу тілі жағдайға (ситуацияға) байланысты, байланыстырып сөйлеуі қалыптаспаған, тұрақты аграмматизм кездеседі. Сонымен қатар тілдің қатынас, жалпылама, реттеуші функциялары кешеуілдеп қалыптасады.

Тіл дамыту жұмыс жүйесі сөздік материалдарды концентрлік жолмен меңгеруді көздейді. Оқу процесінде міндетті түрде танымдық іс-әрекеттерін дамытуға бағытталған жұмыс түрлері қолданылады. ЖСТД балаларды оқыту-тәрбиелеу мектептің оқу бағдарламасына сай жүргізіледі. Аталған бағдарламада оқушылардың ауызша, жазбаша сөйлеу тіліне қойылатын талаптар, сөздік-семантикалық жұмыс көлемі, мазмұны, сөйлем үлгілері барлық сабақтар бойынша толық қарастырылған.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі

**Л. АБҰЛОВА,
А. ҚҰТТЫБАЕВА,
Т. ЗАКОРА,
А. МҰҚАНОВА**

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі кезеңінде өсіп келе жатқан жас тұлғаның адамгершілігі қазіргі қоғам мәселесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі жағдайға тән ерекшеліктер: жас ұрпақ үшін нақты өмірлік нұсқаулардың болмауы, мәдени және бос уақытты дамытудың төмендеуі, патриоттық тәрбиесінің болмауы.

Адамгершілік мұраттарын қолдана отырып, қоршаған әлемді өз бетінше және тәнік түрде бағалай алатын, сол сияқты алға қойған мақсаттарға жете алатын жан-жақты тұлғаны тәрбиелеу.

Білім беру, оқыту және тұлғаны дамыту мәселелері қазіргі қоғамның басты мәселелерінің бірі болып қала береді.

Тәрбиенің мақсаты – жоғары мәдениетті, интеллектуалды, әлеуметтік белсенді, табысты, ізгілікті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау.

Тәрбие жұмысы – бұл мақсатты, жүйелі, жоспарлы қызмет, ол жоспарлауға, алдыңғы әрекеттерді талдауға, қоғамдық өмірдегі жағымды және жағымсыз үрдістерге негізделген. Жасөспірімдер үйінің оқытушылар құрамы алдында тұрған кезек күттірмейтін міндеттерді және тәрбиеленушілер тобындағы жағдайды ескере отырып, жеке тұлғаға бағытталған тәсілге негізделген. Оқу қызметін жоспарлау кезінде оқушылардың білім деңгейін, олардың өмірінің әлеуметтік және материалдық жағдайларын, отбасылық жағдайлардың ерекшеліктерін ескеру қажет.

Сендіру, мысал келтіру, бәсекелестік, мадақтау әдістерін қолдану үйлесімі болған кезде ғана тәрбие тиімді болады.

Қазіргі заманда бір күндік өмір сүретін және болашағын айтпай, ертеңгісін ойламайтын оқушылар бар. Олардың көбісі – басқа біреу

олар үшін ойлануы керек, басқа біреу олар үшін шешім қабылдауы керек деп ойлайды, ал жауап ретінде тек қана қанағаттанбаған пікірлер айтылады. Өзімізді сағат сайын, әр минут сайын дамытып, тәрбиелеуіміз керек, ең бастысы – жақсы ойлармен, осылайша біз бір-бірімізге адамгершілікпен қарайтын болып, біздің қоғамымыз бір-бірімізде мінездеріміздің жағымды жақтарын көріп, сонда ғана бақытты болашақ болады.

Сөзсіз, идеалдар мен үлгі алатын адамдар болу керек, бірақ салыстыру үшін бұл тек ең жоғары идеалдар мен принциптер болу керек.

Өзі үшін және өзінің іс-әрекеті үшін жауап бере алатын адам: ізгілік, еңбексүйгіштік, адалдық пен әдептілік, табандылық, әділеттілік қана емес, сонымен бірге өзі үшін, өз елі үшін ар-намысын қорғай алатын тұлға ... Тек саналы түрде ғана: ақылы мен жүрегі бар адам адамгершілік ұғымдарын игере алады.

Тәрбиеленуші өзін-өзі дамыту, тұлға ретінде өзін-өзі тәрбиелеу жолында кеңес алу үшін достарынан көмек сұраса – бұл қалыпты жағдай. Кеңестер жеткіліксіз болған кезде, интернет көмекке келеді. Бірақ тәрбиеленушілер әрдайым адамгершілік тәрбиесінен жауап іздейді, бірақ іс жүзінде өсіп келе жатқан адамға адамгершілік идеалы қажет.

Қазіргі заманда жаңа технологиялардан шешім іздеу керек, мысалы: инновациялық және коммуникативті технология (әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйрету, өздігінен білім алуға дайындық). Қазіргі заманғы оқушы дамып келе жатқан әлем – бұл заманауи инновациялық технологияларды (компьютер, планшет, смартфондар және т. б.) қолданатын әлем. Кез келген уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген, қажетті нәтижеге жету үшін ақпарат, фактілер, бейнематериалдар, әрекеттер алмасудың барлық тәсілдері мен әдістері бар.

Өзіңнің өмірлік позицияңды таңдау үшін мыналарды білу қажет: мінез-құлық – бұл қоғамның адамгершілік құндылықтарын бейнелейтін әдет-ғұрыптар.

Адамгершілік – бұл адамның ақылақтық қасиеті, адам өз таңдауында басшылыққа алатын кейбір ережелер. Бұл сөз көбінесе сөйлеу мен әдебиетте мораль, кейде этика синонимі ретінде қолданылады.

Моральдық идеал – бұл қоғамға адамдарға қойылатын талаптарды ең жақсы адамгершілік қасиеттерді, мінез-құлық моделі мен адамдар арасындағы қатынастар туралы қоғам бекіткен идеяларды,

адамгершілік жағынан жетілдірілген тұлғаның нақты бейнесі түрінде білдіретін, олар қоғам мен тұлғаның адамгершілік дамуының мотиві мен мақсатына айналады.

Адамгершілік тәрбиесі – балаларды қоғамның ақылақтық құндылықтарымен таныстыру процесі. Өсе келе бала мінез-құлықтың қабылданған ережелері мен нормаларымен, қарым-қатынас әдістері мен формаларымен біртіндеп танысады.

Белсенді өмірлік позиция – бұл жеке тұлғаның кезкелген істегі сәттілігінің кепілі. Және бұл статикалық әлемді қабылдауға байланысты туындайды, егер сіз оны, былайша айтқанда, «оң жақтан» көрсеңіз, онда сіз қалай белсенді өмірлік позицияға ие болатыныңызды байқамайсыз, сізді барлық жағдайда сәттілік күтіп, сәтсіздіктерге ешкім назар аудармайтын болады.

Жасөспірімдер үйінен шығып, олардың көпшілігі өзінің таянышынан айырылып, ақиқат шындықтың алдында сасқалақтап қалады.

Сырттан үнемі бақылаусыз қалған әр түрлі таланты барлардың өзі де, өз қабілеттерін жүзеге асыра алмай қалады.

Олардың көпшілігі «өзін-өзі жетілдіру», «өзін-өзі жүзеге асыру», «өзін тұлға ретінде дамыту» түсініктеріне жат; өздерін әлсіз және жарымжан деп санайды, кез-келген істе сәттілікке үміт артпайды, кез келген қиындықтан қашады, депрессияға бейім, өзінің жақын адамдарына өздерін қажетсіз сезінумен өмір сүреді, ана махаббатының, қамқорлығының жетіспеушілігінен зардап шегеді, өйткені балалардың көпшілігі «ата-анасының қамқорлығынсыз қалған» әлеуметтік мәртебеге ие.

Олардың бейімделу жеке әлеуетінің кірген қоршаған ортаға сәйкес келмеуі оларды моральдық бейімделу қиындықтарға әкеледі.

Тізімде көрсетілген себептер осы мәселенің жоғары дәрежедегі өзектілігін анықтайды.

Өмірге деген төзімділігі бар тұлға тез өзгертін қоғамда дұрыс таңдау жасай білуімен сипатталады, өзін-өзі дамытуға қалыптасқан және салауатты өмір салтын жүргізе алады. Тәрбиеленушілердің адамгершілігі төзімділік сипатсыз мүмкін емес. «Патриотизм», «азаматтық», «төзімділік» - бұл табиғат пен қоғам әлемімен үйлесімді адамзат тіршілігінің басты құндылықтарының бірі. Толеранттылық - бұл ұлттық рухани құндылықтармен, жалпы адамзаттық біліммен, жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастыратын мәдениеттер бірлігімен таныстыруды қамтамасыз ететін тәрбиенің маңызды компоненті.

Бала психологиясының дамуында ойынның рөлі

Н. КАРИМОВА

Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, танымкөзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойында әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болып өседі. Бір балалар ойында шынайы өмірді бейнелесе, енді бірі ішкі сезімін білдіреді. Ойын екі түрлі уақыттық бағытты қамтиды: қазіргі және болашақ. Бір жағынан, бала бірден осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан, ойын әрқашан болашаққа бағытталған. Өйткені ойын барысында тұлғаның келешек өміріне ықпал ететін сапалы қасиеттері мен іскерлік дағдылары қалыптасады. Ойында ең алғаш баланың дүниеге әсер етуді қажетсінуі қалыптасып, көрінеді. Ойынның негізі, жалпы мәні де осында. Ойынның мәнін анықтайтын бірінші ереже, ойын мотивтерінің әр түрлілігі бала үшін мәні зор күйініштерге негізделетіндігі болса, екінші ереже, ойын әрекеті адам іс-әрекетіне тән көптеген мотивтерді жүзеге асыруы болады. «Баланың ойынға деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере біліп, бойына сіңіре білуіміз қажет. Оның барлық өмірі ойыннан тұрады» деген болатын А.С. Макаренко. Сонымен, баланың барлық психологиялық ерекшеліктері осы ойын әсерінде қалыптасады. Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын әсері арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойыны қоғамдық, ұжымдық сипатта болады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды. Ойында жұп арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынастар жасайды. Ал мұның өзі оның дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор екендігі түсінікті. Ойын баланың түрлі қасиеттерін дамытады да баланың қабілеті, белсенділігі артады.

Балалардың ойлауын, қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Бір ойын түрі ойлау мен қабылдауын жетілдірсе, ал екіншісі ойлау қабілетін, үшіншісі есте сақтау қабілетін жетілдіреді. А.С. Макаренконың айтуын-

ша, ойында баланың физикалық, психологиялық қасиеттерінің сапалары да өзгеріп отырады. Ойын баланың сабаққа ынтасын аудартуға, көңіл қойғызуға, сондай-ақ қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі. Ойынның бала өмірінде үлкен орын алатыны ертеден дәлелденген. Тіпті XVIII ғ. Жан-Жак Руссо былай деп жазған: «Баланы жақсы тану және түсіну үшін оны ойын кезінде бақылау керек». Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі – балаларда қарым-қатынас пайда болады. Элькониннің айтуы бойынша, балаларға үлкендер әлемі идеалды форма болып табылады. Ойын – бала дамуындағы кезеңнің негізгі ерекшелігі. Бала психологиясының дамуындағы ойынның бірнеше түрлері маңызды рөл атқарады. Олар мысалы, дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар. Мұның ішіндегі дидактикалық ойынның сапалылығы олардың сабақтың әр кезеңіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын тәрбиешінің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалдарды алдын-ала дайындап алуына, ойын үдерісіне балаларды белсенді қатыстыруына байланысты болады. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Дидактикалық ойын бірнеше түрге жіктеледі: Біріншіден, заттық дидактикалық ойындар. Бұл ойын әр түрлі ойыншықтармен және әр түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады. Екіншіден, үстел үсті ойындары лото, домино, қарлы кесек сияқты ойындар. Үшіншіден, сөздік дидактикалық ойындар, яғни ауызша ойналатын ойындар екені белгілі. Біз осы ойындарды балабақшада іс-тәжірибеден өту барысында балалармен жүргізе алдық. Мысалы: балалардың ой-өрісін дамытатын «Санамақ» ойынын алар болсақ, оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Мектепке даярлық топтарда әріптермен, дыбыстармен танысу барысында балалар бірнеше ойын түрлерін ойнайды. Мысалы: «Сөз ойла, тез ойла», «Балықшы», «Сөйлемді жалғастыр», «Жоғалған буынды тап», «Кім тапқыр?», «Кім көп біледі?» сияқты. бірнеше ойындар ойнатуға болады. «Сөз ойла, тез ойла» ойынында доп лақтырып ойнатылса, «Балықшы» ойынында аквариумнан балықты, магниттік кубиктерді қармақпен аулап, сонымен балықты алып, ондағы сұраққа жауап беруге болады. Іс-тәжірибеден өту барысында кіші топтарда біз балалардың дене қимылдарын дамыту үшін қимыл-қозғалыс ойындарының маңызы ерекше екенін түсіндік. Ал, ересек және даярлық топтарда балалардың ойлауы, есте сақтауы сияқты танымдық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар жүргізуде балалардың психологиялық ерекшелігін байқауға мүмкіндік туды. Мектепке дейінгі бала үшін дидактикалық ойынның маңызы зор. Сонымен қатар,

ойын барысындағы бала психологиясын бақылай отырып, ойынға деген қызығушылығы жоқ балалармен жеке жұмыстар жүргізудің ерекшелігін аңғару маңызды. Осы мақсатта жұмыс барысында балабақшадағы психологтардан кеңестер алып, тәжірибе жинақтап балаларға ойын барысында қолдану керек. Ұлы педагог А.С. Макаренко: «Үлкендер өмірі үшін жұмыс, қызмет істеу, әрекет ету қандай орын алатын болса, балалар өмірінде ойын да сондай үлкен маңызды», – деген болатын. Ойында бала қандай болса, өскеннен кейін жұмыста сондай болады. Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асуы керек. Осы заманғы педагогикалық психология ғылымының даму барысында мектепке дейінгі баланың ойыны, ең алдымен, өзінің қатар құрбыларымен, ата-аналары және өзге адамдармен қарым-қатынас жасаудың қуатты құралы саналатын болса, екіншіден балалар ересек адамдармен қарым-қатынас жасап, әр түрлі пайдасы мол істермен шұғылдануға дағдыланады. Үшіншіден, ойын әрекеті баланың танымдық психикалық үрдістерін қарқынды дамыту құралы болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған ойын әрекеті балалардың өзара қарым-қатынасын дамытумен бірге, мұқтаждықтарын қанағаттандыратын әр алуан істерді жүзеге асыруға дағдыландырып, пайдалы және өнімді әрекеттер жасауға баулиды. Елімізге әйгілі психолог ғалым Т. Тәжібаевтің педагогикалық психология саласындағы ой-пікірлері қазіргі күннің талабына сай жалғасын табуы міндетті нәрсе. Соңғы кездегі психология ғылымы саласындағы зерттеулер нәтижесі балалардың танымдық қызығуын неғұрлым ертерек дамытса, соғұрлым олардың болашақтағы оқу әрекеті жемісті болады деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Воспитание правовой культуры

Т. Д. ЗАКОРА

Цель: воспитание правовой культуры.

Оборудование: плакаты со словами: «Народ, повинующийся закону, должен быть их творцом: лишь тем, кто вступает в ассоциацию, положено определять условия общежития». Ж.Ж. Руссо.

Основная часть:

По данным ЮНИСЕФ жертвами насилия, в основном бытового, являются 275 миллионов детей планеты.

Основные Законы в области защиты прав детей:

1. Конституция Республики Казахстан;
2. Конвенция о правах ребёнка;
3. Закон «О правах ребёнка в Республике Казахстан»;
4. Закон «Об образовании»;
5. Закон Республики Казахстан «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности».

Подумайте и ответьте на следующие вопросы:

1. «Какие права подростков закреплены в международных документах?»

Правительства большинства стран мира решили, что у детей должны быть свои права. Эти детские права соответствуют правам взрослого человека. Только они учитывают возможности детского возраста и чисто детские проблемы и заботы.

Права детей закреплены в довольно большом числе международных документов. Самые известные из них – Декларация прав ребёнка (1959) и конвенция о правах ребенка (1989). В этих документах содержатся основные права тех, кому еще не исполнилось 18 лет.

В Декларации прав ребенка всего 10 статей. Этот документ является рекомендацией для всех государств и всех взрослых людей. Суть этого документа выражена в начале текста статьи 6: «Ребенок для полного и гармоничного развития его личности нуждается в любви и понимании. Он должен, если это возможно, расти на попечении и под ответственностью своих родителей, и во всяком случае, в атмосфере любви и моральной и материальной обеспеченности...». Это словно призыв ко всем: заботьтесь о детях, будьте ответственны по отношению к ним!

Конвенция о правах ребенка – большой документ. В нем 54 статьи. В отличие от Декларации, его подписывают представители государств, и, будучи подписанным, он является обязательным для них. Суть этого международного документа выражается в статье 3: «Во всех действиях в отношении детей... первоочередное внимание уделяется наилучшему обеспечению прав ребенка».

В Конвенции о правах ребенка закреплено большое количество прав, которые можно разделить на следующие группы:

- основные права: на жизнь, имя, гражданство и т. д.;
- призывающие обеспечить детям нормальную семейную жизнь;
- права, призванные обеспечить свободное развитие личности ребенка: право на свободу мнений, свободу совести и т. д.;

- права обеспечивающие нормальное культурное развитие детей, в том числе право на образование;
- права, защищающие детей в необычных, опасных ситуациях на войне, в заключении и т. д.;
- трудовое право разрешающее или запрещающее ту или иную работу для подростков.

Права, закрепленные в международных документах, принадлежат детям без каких-либо ограничений. Неважно, кто ребёнок по национальности (украинец, татарин, русский), по полу (мальчик или девочка), какой у него цвет кожи (тёмный или светлый), какая религия им исповедуется (христианство, ислам, буддизм, иудаизм) и т.д. Все права принадлежат ему в полной мере.

2. Назовите главные цели политики Республики Казахстан?

Целями государственной политики Республики Казахстан в интересах детей являются:

- обеспечение прав и законных интересов детей, недопущение их дискриминации;
- упрочение основных гарантий прав и законных интересов детей, а также восстановление их прав в случаях нарушений;
- формирование правовых основ гарантий прав ребенка, создание соответствующих органов и организаций по защите прав и законных интересов ребенка;
- содействие физическому, интеллектуальному, духовному и нравственному развитию детей, воспитанию в них патриотизма, гражданственности и миролюбия, а также реализации личности ребенка в интересах общества, традиций народов государства, достижений национальной и мировой культуры;
- обеспечение целенаправленной работы по формированию у несовершеннолетнего правосознания и правовой культуры.
- Казахстанское законодательство запрещает дискриминацию ребенка, по каким-либо основаниям: в зависимости от расы, пола, языка, религии, национального, этнического происхождения, социального происхождения, политических взглядов.

3. Что такое декларация?

(Декларация (от. лат. *declaratio* – заявление, объявление) – международно-правовой документ, в котором провозглашаются какие-либо принципы).

4. Что такое Всеобщая декларация прав человека?

(Всеобщая декларация прав человека рекомендованный для всех стран-членов ООН документ, принятый на третьей сессии Генеральной Ас-

самблеи ООН резолюцией 217 А (III) («Международный пакт о правах человека» от 10 декабря 1948 года).

5. В каком году была создана Организация Объединённых Наций и для чего?

(Права ребёнка закреплены в двух основных международных документах, принятых ООН: Декларации прав человека (1945) и в Конвенции о правах ребёнка (1989).

6. Что такое конвенция?

(Конвенция – (от лат. convention – договор, соглашение) – международный договор, имеющий обязательную силу для всех государств, в ней государства дают обязательства соблюдать права каждого ребёнка).

7. Назовите дату, когда принята «Конвенция о правах ребёнка»? (20 ноября 1989г., ООН)

8. Назовите дату Всемирного дня ребёнка? (20 ноября объявлен Всемирный день ребёнка).

9. Что такое права человека?

(Права человека – это совокупность естественных правомочий, получивших отражение в нормативно-правовых государственных актах, и приобретенных правомочий, выработанных в ходе развития общества и государства).

10. Что такое обязанность?

(Обязанность – это определённый круг возложенных на кого-нибудь действий, безусловных для выполнения, это мера должного поведения. Каждый человек выполняет какие-либо обязанности).

11. Конвенции о правах ребёнка – 54 статьи. В них описаны все стороны жизни ребёнка. Сюда включены как права, присущие людям, так и особые «детские» права. Какие вы знаете права ребёнка?

- Имеют право на образование;
- на медицинский уход;
- имеют право на отдых;
- на особую заботу и обучение; говорить на своём родном языке, исповедовать свою религию, соблюдать обряды своей культуры;
- достаточное питание и достаточное количество чистой воды;
- имеют право выражать своё мнение и собирать с целью своих взглядов;
- имеют право на приемлемый уровень своей жизни;
- на воспитание в семейном окружении или быть на попечении тех, кто обеспечит им наилучший уход;
- дети не должны использоваться в качестве дешёвой рабочей силы.

Права ребенка и меры защиты со стороны его семьи, общества и государства отражены в Законах Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан», «О браке и семье», «Об образовании», Кодексе Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» и других. Наиболее важными правами были обозначены права, связанные с образованием, а также с физическим и эмоциональным здоровьем (с защитой от всех форм физического).

Қиындықтың алдын алуға арналған психологиялық жұмыс түрлері

А. САТҚАНҒҰЛОВА

Мақсаты:

А) Оқушылардың өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту.

Ә) Өмірдің мәні туралы ой-пікірлерін ортаға салдыру, өмірге жақсы көзқараспен қарауға, қадірлей, бағалай білуге тәрбиелеу.

Б) Өмірден өз орындарын таба біліп, айналасына қуаныш сыйлай білуге үйрету, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату арқылы, бір-біріне көңілді күй сыйлау.

Өтілу түрі: ойталқы, пікірталас, тренинг.

Көрнекілігі: тақырыпқа байланысты суреттер, бейнебаян, бейнекөрініс, интерактивті тақта, дәйекті сөздер, ата-аналарға арналған жадынама-кеңестер.

Қатысқаны: ата-аналар, психологтар.

Семинар барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Тілек ағашынан әдемі тілектерді таңдау.
2. Ата-аналарға арналған жадынама-кеңестер тарату.

II. «Ой қозғау» стратегиясы.

Қазақстан бойынша «Жасөспірімдер арасындағы суицид жөніндегі статистикалық мәлімет». (Теледидарда берілген ақпаратты тыңдату)

Статистикалық зерттеулер қорытындысымен белгілі болғандай жасөспірімдер арасындағы жиі кездесетін суицидтің түрлері:

III. Ата-анамен ой бөлісу. Бұл жерде мектептегі дағдарысқа ұшырай жаздаған Ғ.А. атты оқушының ата-анасына берілген кеңестердің нәтижесін тыңдату. Ата-ана «Жұмбақ кейіпкер» бейнесінде психологтардың ұсынған кеңестері жөнінде ой қозғайды.

Ата- аналарға кеңес:

- Балаңыздың жан дүиесінде болып жатқан күйзелісті мұқият тыңдаңыз;
- Бала сезімін, ойына алған істің орындалуын мұқият бағалаңыз;
- Көңіл-күйінің, эмоционалдық күйзелісінің қаншалықты тереңдігін бағалаңыз;
- Әрбір ренішіне, көңілі толмаған істерінің бәріне мұқият қараңыз;
- Қорықпастан сұраңыз «Өз-өзіне қол жұмсағалы жүрген жоқ па?»

IV. Ролан Быков «Мен бұл жерге енді мүлдем келмеймін» тақырыбындағы бейнебаян көрсету. Бұл сәтте ата-аналар бейнебаянды қарай отырып, өз пікірлерін ортаға салады.

1. Осы бейнебаяннан қандай ойлар туындайды?
2. Анасының осындай жағдайға душар болуына не әсер етті?
3. Кішкене ғана сәбидің өмірімен қоштасуына тек анасы ғана кінәлі ме?...

V. Қатысушыларға жағдаяттар ұсыну.

Төменде берілген жағдаяттарды сіз қалай шешер едіңіз. Осы баланың қабылдаған шешімі дұрыс деп ойлайсыз ба? Дәлелде. Жағдаяттар:

1-топ. Ата-анасы ішімдікке салынған. Үйінде өмір сүруге жағдай жоқ, қара нан мен қара шайдың өзі сирек кездеседі.

2. Ата-анасынан айырылған. Отбасында жетекшілері жоқ. Өмір сүрудің жолын білмейді. Өлімнен басқа жол жоқ деп ойлайды.

3. Тірлігі басқалардан төмен. Жұртпен бірдей киініп, ойнап күле алмайды. Достарымен бірге жүрмейді. Осыны өзінің кемшілігі деп санайды. Досы жоқ жалғыз қалады. Шешімі қоштасу болады.

Жауабы:

1. Өмірден түңілмеуі керек. Өзінің бар өмірі алда екенін түсініп, жақсы өмір сүруге талпыну керек. Егер әр адам басына түскен қиыншылықты жеңе алмай, өз-өзіне қол жұмсаса, адамзат құрып кетер еді.

2. Ата-анасынан айырылған адамдар қазіргі заманда өте көп. «Жетім көрсең, жебей жүр» деген сөз бар. Ол өзін ешқашан жетім деп санамауы тиіс. Бұл да өмірдің бір сынағы. Басыңды тік көтеріп, тек қана алға қара. Қиындықтың бәрін өліммен шешуге болмайды. Өзіне жақын адамдарды таба аласың, сондықтан еңбек етіп, өмірде өз орныңды тап. Данышпан Абай айтқандай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!»

3. Біздің ойымызша бұл жалғыздық. Жалғыздық тек құдайға тән қасиет. Ол бала өмірдің қызығы тек киініп, ішіп-жеу деп ойлайды. Біз оған өзіне жақын дос табуына тілектеспіз және өзін-өзі бағалай білу керек.

VI. Релаксациялық жаттығу: «Менің жан-дүниемнің гүл бағы».

Мақсаты: Ғажайып баққа саяхат жасау арқылы дүниенің бірлігін, біртұтастығын, әр адамның қайталанбас тұлға екендігін сезінуін қамта-

масыз ету, өзін бағалай білуге жетелеу, өзара түсіністік сезімін қалыптастыру.

- Терең тыныс алыңыз . 1... 3. Ыңғайлы, қалыпты ұстаңыз да, көзіңізді жұмыңыз, жылы толқын бұлшық еттеріңді босаңсытып жайландырады. Мен сізден естігеніңізді ойша елестетіп, естіп, сезінуіңізді сұраймын.

- Өзіңізді бақылаңыз.

- Көз алдыңыз қараңғыланып кетті. Қараңғылық ішінен әдемі өрнектері түрлі-түсті қақпа пайда болды да, жарқ етіп ашылып кетті. Әрі қарай өтіңіз. Сіз тамаша бақтың ішіндесіз.

- Алуан түрлі раушан гүлдер тобы сізге қарап, сүйіспеншілікпен иіліп, тербеліп сәлем бергендей болды. Кенет гүлдер тез көбейе бастады, жүздеген, мыңдаған қызылды-жасылды гүлдер жер бетін жауып кетті. Шеті мен шегі жоқ... .

- Самал жел таза ауа мен гүлдердің иісін жеткізді. Сізді жеңілдікпен еркіндік, қуаныш сезімі билейді. Гүлдердің ішінен өзіңізге жаны жақын адамдардың бейнесі жымып, сүйіспеншілікпен қарап тұрған сияқты. Олар кімдер?

- Жүріп келе жатып сізді алыстан көз тартып шақырғандай болып тұрған гүлдің өзіңізге жақын, сізге туысқандық байланысы барын сезесіз. Түсі қандай? Жақындап қараңызшы, ол ешқайсысына ұқсамайды, ерекше және қайталанбайды. Үңіліп қарасаңыз, ол гүлден өз бейнеңізді көресіз. Ол өте әдемі. «Әр гүлдің өз иісі бар, өзіне тән сұлулығы бар екенін ұмытпаңыз!». Өзіңізді бағалай біліңіз. Гүлдер, ағаштар, жемістер бір-біріне еш ұқсамайды, бірақ олар бір жер бетіндегі топыраққа өсіп, тамырын жаяды, оларға ортақ бір ғана күн жылуын беріп, шұғыласын шашады. Адамзат баласы да солай. Ақ, сары, қара, түрлі нәсіл, ұлттардың күні де, жері де ортақ, жаратушысы бір. Осы туралы ойланып көрдіңіз бе?

- Адамзат әлемінің ғажайып бағында өсіп тұрған алуан түрлі раушан гүлдер сияқты сіз де солардың бірі екеніңізге қуаныңыз. Сіз гүл болсаңыз, өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Өзіңізге де, айналадағылардың бәріне де сүйіспеншілікпен қарауға тырысыңыз. Сіз өзгелерге қалай қарасаңыз, сізге де өзгелер солай қарайды. Сіз өзіңізді сыйласаңыз, өзгелер де сізді сыйлайды. Маған қосылып іштей қайталаңыз: «Мен – ол – мен» бүкіл әлемде маған ұқсайтын жан жоқ. Менің барлық жеңісім мен табысым тек маған ғана тиесілі. Менің барлық жеңілісім мен қателігім өзімдікі. Менде бәрі жеткілікті. Мен өте тамаша адаммын. Менің қолымнан бәрі келеді.

- **Талдау.**

- 1. . 5. Гүлдер жер бетінде өзін қалай сезінер еді?

- Әлемге қатысты қандай сезім пайда болды?

Өмірдің өзі ақ пен қарадан, жеңістер мен жеңілістерден тұрады.

VII. Тренинг «Табысты күн»

Ережесі: Әркім өз қалауы бойынша лентаны алып, ұнаған адамға жақсы лебіздер айту арқылы білегіне тағады.

Өтініш: Бүгінгі күн күндегіден ерекше. Айналаңа назар салшы.

Мүмкін айналанда көңіл-күйі жоқ немесе жалғыздықты сезінген адам бар шығар. Сол адамды назарыңнан тыс қалдырмай, оның көңілін көтеретін жақсы көңіл-күй сыйлауға тырыс.

VIII. Қорытынды. Көрермен пікірі.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің оқу мотивациясының қалыптасу ерекшеліктері

А. ОЛЖАЕВА

Жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің негізгі мақсаты – студенттерді даярлау болғанымен, бұл іс-әрекет өз кезегінде студенттердің дүниетанымына, мотивациялық-құндылық сферасына, танымдық процестеріне, бағыттығына, қарым-қатынас сипатына және т.б. тұлғалық ерекшеліктеріне маңызды ықпал етеді. Студент өзінің оқу іс-әрекетінің субъектісі болғанын өз тұлғасының қажеттілік мотивациялық сферасында пайда болған жаңа түрткілермен анықтайды. Мұнда түрткілердің екі типі негізінен оқу іс-әрекетін сипаттайды – жетістік түрткісі және танымдық түрткісі. Соңғысы оқу іс-әрекетінің негізі болып табылады. Бұл іс-әрекет проблемалық жағдайларда пайда болады және студенттер мен оқытушылардың қатынастары мен өзара әрекеттесулері дұрыс болғанда дамиды. Оқытудағы жетістік мотивациясы танымдық қажеттілікті қанағаттандыра отырып, өз кезегінде оқу мотивациясына бағынады. Мектеп түлектерінің жоғары оқу орындарына түсуі олардың өз күші мен қабілетінің сенімділігін қызықты толыққанды өмір сүру үмітінен оянады. Әлеуметтік категория ретіндегі студент қатарына қосылу қоршаған адамдармен жаңа қатынастар құруға әкеледі [1].

Сонымен жоғарғы оқу орындарында студенттердің кәсіптік мотивациясын қалыптастыруда ең алдымен оның өзіндік қызығушылықтары алдыңғы қатарға шығады. Осыған орай, қызығудың екі түрін бөліп көр-

сетуге болады. Іс-әрекетке (оқу танымдық) деген қызығу және осы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі өзіне деген қызығуды ажыратуға болады. Болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетке деген мотивациялық бағыттылығының қалыптасуы олардың бойындағы бірқатар қажеттіліктердің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Мұндай қажеттіліктер қатарына:

- Ұжым алдында (кафедра, оқытушылар) өз іс-әрекетіне жауап беру;
- Алған білімнің өзіндік қажеттіліктерге жарауы;
- Жолдастары (бірге оқитын) мен құрбыларына көмек көрсету;
- Берілген тапсырмаларды өз уақытында орындау;
- Оқу, білім алу міндеттеріне деген бастамашыл, әділетті қарым-қатынас;
- Өзін өзі жетілдіру, өздік білім алуға қажеттілік;

Сондықтанда болашақ мамандарды жоғарғы оқу орындарында оқыту барысында, олардың кәсіби мотивациялық бағыты қалыптасуы үшін, студенттің бойындағы тұлғалық перспективаларын болашақ кәсіби әрекетіне деген тұрақты қызығулармен байланыстыра білім беру қажет. Бір жағынан алғанда, кәсіби қызығу танымдық қызығудың бір бөлігі болса, екінші жағынан кәсіби қызығу танымдық қызығудың элементтерін құрайды. Танымдық қызығу білім алуға бағытталса, онда кәсіби қызығу әрекетті меңгеруге бағытталады.

Жоғарыда көрсетілген кәсіби қызығушылық мәселесіне орай М.Х. Титма, «Кәсіби қызығушылық – жағымды жағдайда жеке адамның нақты бір кәсіби іс-әрекетке бағыттылығына айналатын, мақсаты мен мотивтері сай келетін мамандыққа деген тікелей эмоциялық практикалық-танымдық қатынас болып табылады» – деп көрсеткен. Осы саладағы зерттеулер көрсеткендей, студенттер бойында танымдық мотивтер тұрақты әрі күшті болса, онда ол сыртқы түрткілерді қажетсінбейді, оның танымдық іс-әрекетінде дербестік деңгейі жоғары болады. Жоғарғы оқу орнында, студенттердің кәсіби құндылық бағдарының қалыптасуы негізінде тұлғаның табиғатын, әлеуметтік мәнін, қоғамдық өмірдің объективтілік қажеттілігін білдіретін заңдылықтары мен ұстанымдарды көрсетуге болады [2].

Студенттердің кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыру заңдылықтары:

- Студенттің үнемі даму жағдайында болуы, бұл – табиғи заңдылық;
- Танымдық іс-әрекеті мен қарым-қатынас жүйесінің жоғары болуы, себебі қоғаммен қарым-қатынас негізінде ғана адамда белгілі бір құндылық бағдар қалыптасады.
- Тәрбие мен оқытудың өзара байланысы заңдылығы;

- Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі;
- Қоғамның үнемі өркендеп дамуы, онда өмір сүріп отырған әрбір жеке адамның күш-қуаты мен өмірлік ұстанымына тәуелділігі;

Студенттердің кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыру ұстанымдары:

- Кәсіби құндылық бағдардың мақсаттылығы;
- Кәсіби бағдардың өмір мен еңбекпен байланысы;
- Кәсіби бағдардың құндылық сипаты;
- Жеке тұлғаға талап қоюшылық пен құрметтей білудің бірлігі;
- Студенттің жас және дара ерекшеліктерін есепке алу;
- Тәрбиенің жүйелілігі, бірізділігі және үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- Жеке тұлғаны топтағы ұжыммен байланыста ұстай отырып, құндылық бағдарын дамыту;
- Жеке тұлғаны ұжыммен байланыста ұстап, оның кәсіби қызығушылығын арттыру [3].

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, кәсіби мотивация мақсаттардың басымдылығын анықтап, кәсіби шеберлікке жетуді бейнелейді. Олардың еңбектерінде кәсіби шеберліктің уақыт жүйелігімен және өзара байланысты бірқатар мақсаттарға жетуге негізделгенін аңғарамыз. Кез келген іс-әрекет белгілі бір қызығулардан басталып, соңғы нәтижеге бағытталғандықтан мақсат қалыптастырумен сүйемелденеді. Мәселен, қазақстандық ғалым С.М. Жақыпов өз еңбектерінде мотив, мақсат, мағына ұғымдарының бұрынғы «субъект-объектілі» қатынас кезінде толығынан ашылмағандығын, бұл мәселе бірінші рет отандық іс-әрекет теориясы шеңберінде көтерілгендігін айта отырып, өзінің көп жылға жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде оқыту үрдісіндегі жеке адамның дамуының концептуалды схемасын ұсынады. Автор іс-әрекеттің психологиялық негізін А.Н. Леонтьевтің жеке адам және оның «ішкі сәті» деген кардиналды жағдаяты тұрғысынан қарастырғанын баяндай келіп, өз ойын былайша түйіндейді: «жеке адам құрылымының іргетастық ядросын оның құрылымының дамуы мен қалыптасуын анықтайтын, өмірлік іс-әрекеттің энергетикалық тонусын қамтамасыз ететін және бағыттайтын қажеттіліктер мен мотивтер жүйесі құрайды». Осыған орай, оқытушы мен студенттердің жеке адам құрылымындағы жетекші компонент ретінде қажеттілік-мотивациялық және танымдық бағдардың 3 деңгейін: мағыналық, мақсаттық және операциялдық жүйесін тереңірек қарастырады. Ғалым пікірінше, егер қажеттілік-мотивациялық жүйе іс-әрекетті бағыттап отырса, бағдар жүйесі оның тепе-теңдігін қамтамасыз етсе, онда осы процеске икемділік беруші механизм қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Адильшанова З.Ү. п.ғ.к. Қазіргі мектепте оқушылардың кәсіби құндылық бағдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. – Атырау: 2009. 18 б.
2. Ильина Т.А. Педагогика. – Алматы: Мектеп. 1977.
3. Архангельский Л.М. Ценностные ориентации и нравственное развитие личности. – М., 1978. – 65 с.

Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі жайында

А. ИСМАГУЛОВА

Жан-Жак Руссо: «Бала туғанда ақ қағаздай таза болып туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» деген екен. Бұдан шығатын түйін: бала тәрбиесіне ең әуелі оның ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ойы, сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек. Балаға отбасы мүшелерінің сөзі, мінез-құлқы ғана емес, ондағы қоршаған заттар да әсер етеді.

Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы, жаман әдеттеріміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Жазушы педагог Жүсіпбек Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі бала айтып ұқтырғаннан гөрі көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын іспен көрсету керек», – дейді. Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында ата-анасынан, мектепте ұстаздан талап ететін тағлым жүгі жатыр.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздарымен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа?! Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген

сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді.

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам сол сияқты, жақсыға да жаманға да бейім болатыны баршамызға мәлім. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ.

Жақсы перзент – ата-ана қолындағы аманат. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктікке тәрбиелеген абзал. Отбасында ата-ананың ықыласына бөленіп тәрбие көрген бала балабақшада да, мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы – жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді, денсаулығы мықты азамат өсіру үшін мектеп, ата-ана болып ынтымақтасып атсалысуымыз қажет. Демек, бала бақытының кепілі ата-ананың өнегелі тәрбиесінде.

Бала «Ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі», «Әкеден ақыл, анадан меірім» алады.

Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып ұлттық дәстүрімізді, ұлттық құндылығымызды, әдеп-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабалардан қалған насихат мұраларын балалардың санасына сіңіре білу ата-ананың басты міндеті дегім келеді.

Құндылықтар әлемі

Г. СИСЕНОВА

Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім берудің қазіргі әлемдегі ба-сымдылығы:

Табиғи құндылықтар – бұл адамның күші мен жан дүниесінің қабілет-тілігі құндылықтары: яғни ақыл – ой, сана, күш-жігер.

Жүре пайда болған құндылықтар – бұл адамның интеллектуалды және адамгершілік тұрғыдан дамуы барысында меңгерген құндылықтар (мінез, жетістік, т. б.).

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар – ол уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар.

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, және Қиянат жасамау адамның ұлтына нәсіліне, тұратын ортасына байланыссыз және уақытпен өзгермейтін жасаушы мән. Олар бөлінбейді, өзара байланысты, өзара тәуелді, бір-біріне етене сіңіп, адам руханияты мен мәдениетінің біріңғай негізін құрайды.

Ішкі үйлесімділікке қол жеткізу үшін адам ойы, сөзі, ісі адами тұлғаның мынадай аспектілеріне сәйкес келетін жалпыадамзаттық құндылықтарға сай болуы тиіс:

- Қиянат жасамау – рухани деңгей;
- Ақиқат – интеллектуалдық деңгей (ажырату, интуиция);
- Сүйіспеншілік – адамгершілік деңгей (ментальді, ақыл-ой, сөз);
- Тыныштық – эмоциялық деңгей;
- Дұрыс әрекет – физикалық деңгей.

Енді осы құндылықтардың мақсатына жеке-жеке тоқталсам: Адам ақиқатты танып, сүйіспеншілікпен дұрыс әрекет еткенде оның жан дүниесінде ішкі тыныштық пайда болады, ішкі тыныштығы бар адам ешкімге қиянат жасамайды. Ендігі кезекте «Өзін – өзі тану» пәні бойынша бес құндылықты айтар болсам олар:

АҚИҚАТ

• Абсолютті ақиқат деп ешқашан күмән келтіруге болмайтын айғақты ақиқатты айтуға болады;

• Әмбебап – Өзгермейтін – Сезімнен жоғары (уақыт пен кеңістіктен тыс) біртұтастықты білдіреді;

• Ақиқат кеңістік және уақытпен шектелмейді Барлық ел, барлық заман, барлық адам үшін Ақиқат біреу. Ол өзгермейді, ол жалғыз.

СҮЙІСПЕНШІЛІК

• Сүйіспеншілік – дүниені өзгертуге бейім, өмір беруші және демеуші қуатты энергия.

• Сүйіспеншілік энергиясы сөзбен, көзқараспен, күлімсіреумен, іспен түсінісумен беріледі. Сүйіспеншіліктің үш түрі бар:

1. Өзімшіл махаббат – сезім деңгейіндегі махаббат (эгоистік махаббат, ол адам өзін ғана ойлайды, өзі ешкімді ойламайды. Сезім деңгейіндегі махаббат адамға қуаныш әкелмейді);

2. Өзара махаббат – санасқан есеп бар махаббат, сен маған, мен саған. Ерегіс туындап, ауруға ұшыратады;

3. Риясыз махаббат – рухани деңгейіндегі махаббат, артынан ештеме сұрамайды. Шынайы жақсы көреді.

- Бұл сүйіспеншілікке жету қиын. Жүрегіміздегі сүйіспеншіліктің гүл ашуына не кедергі келтіреді? Эгоизм, ашу-ыза, көреалмаушылық, шыдамсыздық, қалаулар, сараңдық. Жүрегіміздегі сүйіспеншілік гүлінің ашылуына не ықпал етеді? Біз тек қана риясыз қызмет еткенде ғана жүрегіміздегі риясыз сүйіспеншілік гүл жарады.

ДҰРЫС ӘРЕКЕТ

- Әр адамның бойындағы бар Ар-ұждан дауысын (интуиция) ажырату және ести білу қабілеттерін ояту;

- Күнделікті өмірде дұрыс әрекет ету сапасын дамытатын және жүзеге асыратын ойларын, сөздерін және іс-амалдарын бекіту.

- Ақиқат жолымен жүруден дұрыс әрекет туындайды. Оның қағидаты – өзіңе де, өзгеге де, табиғатқа да еш зиян келтірмеу. Ол үшін табиғаттың, моральдық және мемлекеттің заңдылықтарын білу, құрметтеу және орындау қажет.

ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ

- Философиялық тұрғыдан алғанда құндылық дегеніміз – жалпы қоғам үшін ең қадірлі, ең қасиетті нарсе туралы түсінік. Адамдар осы өмірден қуаныш пен қанағат аламыз деп ойлайды, алайда бұл қуаныш олардың өздерінде жасырынып жатқан өлшеусіз қуаныштың кішкентай ғана сәулесі.

- Жан тыныштығы мен қуаныш бұл біздің шынайы ішкі табиғатымыз. Адам ақиқатты танып, сүйіспеншілікпен дұрыс әрекет еткенде оның жан дүниесінде Ішкі тыныштықтың хош иісті гүлі шешек атады. Ішкі тыныштықты табу үшін ой-ниетімізді түзеп, (тек жақсылық ойлап, өкпе реніш, қызғаныштан аулақ болып, мен ішкі тыныштықты қалаймын деп) мен-мендігіміз бен қалауларымызды алып тастасақ, ішкі тыныштық қалады. Яғни, ішкі тыныштығымызды сезінеміз. Сондықтан да Жан тыныштығын сырттан емес, оны іштен іздегеніміз дұрыс.

ҚИЯНАТ ЖАСАМАУ

- Қиянат жасамау құндылығының мәні-зиян келтірмеу дегенді ғана білдірмейді ол басқа адамдардың қайғы қасіретін жеңілдету үшін әрекет жасау. Қиянат жасамау күштілердің қаруы. Қиянат жасамау тек рухы биік адамдардың қолынан келеді.

Қорытындылай келе, «Өзін-өзі танудағы» нәтижесі: Руханилылық – адам жанының ізгілігі. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады. Руханилық жолға апаратын бірінші жол ол – білім алу және сол алған білімді жүзеге асыру. Екінші жолы – сол алған білімнің құндылығына сүйене отырып, өз ортасын өзгертуге әрекет жасайды. Осы жоғарыда айтылған бес құндылықты әр оқушы бойына сіңіруге, дамытуға бар күш-жігерімізді салып тәрбиелеуіміз керек, - деп санаймын.

Психологическое занятие для 4 класса «Познай себя»

А. ИМАНГАЛИЕВА

Цель занятия: Развитие умения понимать свое эмоциональное состояние, развитие рефлексии, активизация творческого потенциала, как способ достижения успешной адаптации при переходе с начального звена в среднее звено школы.

Задачи: развитие стремления к самопознанию; способствование снижению тревожности; проработка эмоционального состояния, негативных эмоций, связанных с обучением в школе; стимулирование фантазии, воображения учащихся.

Необходимые материалы: рисунок «калейдоскоп эмоций», эскиз варежек, листы формата А4, карандаши, акварель, кисточки.

Программа тренинга: РАЗМИНКА.

Упражнение 1. «Я рад тебя видеть...». Участники стоят в кругу. Им предлагается продолжить фразу.

Цель: позитивный настрой на занятие, активизация участников, снятие напряжения.

Психолог:

- Для начала давайте образуем круг. Вы немного освоитесь. Поправьтесь. Вы готовы? И так мы начинаем. Здравствуйте ребята. Очень рада видеть вас сегодня здесь. Как обычно перед началом тренинга поприветствуем друг друга. Сейчас каждый по кругу, по очереди, обращаясь к своему соседу, продолжит фразу «Я рад тебя видеть....».

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ.

Упражнение 2. «Калейдоскоп эмоций». Задача участников тренинга выбрать из калейдоскопа эмоций состояние, которое соответствует их настроению на данный момент. После выполнения упражнения, идет обсуждение следующих вопросов: как часто у участников меняется настроение? в каком настроении чаще всего прибывают? беспокоит ли участников их эмоциональное состояние?

Цель: проработка эмоционального состояния.

Психолог:

- Давайте поговорим об эмоциональном состоянии человека. Эмоциональное состояние человека может быть безразличным, беспечным, радостным и т.д. В зависимости от ситуаций, происходящих в жизни.

В каких случаях у вас хорошее настроение? Поделитесь? А в каких случаях у вас плохое настроение? Как можно отличить человека с хорошим настроением? Как можно понять эмоциональное состояние человека? Что можно сделать для поднятия настроения человека? Молодцы!

Перед вами калейдоскоп эмоций. Ваша задача сейчас подумать какое у вас настроение и выбрать то состояние, которое соответствует вашему настроению. Не торопитесь, задумайтесь, какое у вас сейчас настроение. Можете закрыть глаза, сесть удобно.

Рис. 1 Калейдоскоп эмоций



Упражнение 3. «Рисунок на спине».

Цель: проработка эмоционального состояния, стимулирование фантазии, воображения учащихся.

Психолог:

- А сейчас мы с вами рисуем на спине. Нам необходимо построиться колонной, каждый участник при этом смотрит в спину своего одноклассника. Я сейчас нарисую картинку и спрячу, затем такой же рисунок я изобразю пальцем на спине у того кто стоит последним в колонне. Ваша задача, постараться почувствовать и передать как можно точнее этот рисунок дальше, до самого первого. А первый затем воспроизведет этот рисунок на бумаге, в конце мы сравним этот рисунок с первоначальным вариантом. Итак, начали.

Рефлексия, обсуждение в общем кругу.

При желании участников упражнение повторяется, только те, кто стояли первыми и последними в колонне меняются, также можно сменить ведущего.

Упражнение 4. «Работа в парах». Участники делятся на пары, они должны выполнить общее задание. Нужно составить план действия, сумев договориться между собой. Первое задание придумать дизайн варежек, второе задание придумать небольшой рассказ, постараться нарисовать его в виде комикса. Комикс – это рисованные истории, рассказы в картинках.

Цель: Развитие умения слушать, договариваться, развитие толерантности, развитие эмпатии, стимулирование фантазии, воображения учащихся.




Рис. 3. Пример комикса.



Упражнение 5. «Клипмейкер». В течение двух минут дети слушают классическую музыку, можно предложить им сесть удобно. После прослушивания музыки, идет обсуждение о том, что они чувствовали, представляли во время прослушивания музыки. Затем предлагается при помощи акварельной краски нарисовать на листе все то, что они чувст-

вовали и представляли.

Цель: развитие рефлексии, снижение тревожности, активизация творческой потенциала.

Завершающая часть.

Рефлексия. Обсуждение вопросов:

1. Что нового они узнали?
2. Какое упражнение больше всего понравилось?
3. Какие чувства испытали при выполнении того или иного упражнения?

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған психологиялық тренинг-сабақ

Ж. БИСЕНОВА

Тақырыбы: «Ғажайып көбелектің түсі»

Әдіс-тәсілі: ертегі терапия, ойындар.

Мақсаты: Бейімделу кезінде балалардың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, психоэмоционалдық жағдайды жайландыру. Ішкі күйзелісті түсіру, релаксация. Қолдарының ұсақ моторикасын дамыту. Өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру.

Барысы:

Психолог: Міне сендерді өзімнің сабағымда көріп тұрғаныма қуаныштымын. Балалар оң қолдарыңмен жүректеріңді ұстаңдаршы. Естіп тұрсыңдар ма? Тук-тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір-бірімізді жылытайық. *Бір-бірінің қолдарын ұстасады.*

Міне, кішкене күн шуағы үлкен күнге айналды. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі тұрғындарға апарып көмектесейік.

Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де, епті, батыл болуымыз керек. Өте жақсы.

- Балалар, мен сіздерді бүгін сиқырлы орманға, саяхатқа шақырамын. Қараңдаршы, айнала қандай әдемі!

Ойын: Жаңбыр (интерактивті тақтамен)

Психолог: Балалар, қараңдаршы, таңғажайып әлеміне жан біте бастады.

1. Жылы жаңбыр да жауды (екі қол артта, кезек-кезек алға, артқа созу);
2. Жаңбырдан соң әдемі кемпірқосақ та көрінеді. (екі қолды қанатша екі жақта ұстап, иіліп бір қолды бір қолға жеткізу);
3. Жылы жаңбырға жуынып, өсімдіктер де жапырақтарын күнге жая бастады. (Аяқты артқа созып қолды жоғары көтеріп, денені жоғары созу);
4. Ал құстар қанаттарын қағып, ұшуға дайындалып жатыр. (Қолды қанатша қағып, отырып-тұру);
5. Жан-жануарлар да ояна бастады. (Жерге тіземен тұрып аяқтарын созу);
6. Көбелектер де ұшуға дайындалып жатыр. (Лотос қимылы).

Ертегі тыңдайық.

- Балалар, енді кілемге жайғасып отырайық, ертегі тыңдайық. Ертегінің аты: «Ғажайып көбелектің түсі»

Бір таңғажайып елде, үлкен гүл алаңында түстер көбелектері өмір сүреді. Күндіз олар ұйықтап жатады, ал түн болғанда оянып, жан-жаққа ұшады. Әр көбелек өз адамына, үлкенге де кішіге де ұшып барады. Түстер көбелегінің қанаттары ғажайып! Оның қанатынан гүлдің, жаңбырдың иісі шығып тұрады. Көбелек қанатымен қағып қалса, сол адамға жақсы түс кіреді, ал қара көбелек қанатымен қақса қорқынышты түстер кіреді. Өз түстеріңді естеріне түсіріңдерші, сіздер қандай түстер көресіңдер? Қорқынышты түстер көресіңдер ме?

Психолог: Балаларға қорқынышты түстер көрсететін көбелектерді көрсетіп, оларды жыртып тастауға ұсынады. Балалар қара көбелектерді жыртады. Міне, біз енді ондай түстерден қорықпайтын боламыз. Балалар, біз мына көбелектерге қандай түс көргілерің келеді? Соның суретін салып бояйық. *Балалар сурет салады.*

Жаттығу: «Болады, болмайды»

Барысы: Психолог сөздерді айтады, ал балалар солай болуы мүмкін болса, қолдарын шапалақтайды, егер ондай мүмкін болмаса – аяқпен топылдатады. Мысалы: қасқыр орманда кезіп жүреді – алақан шапалақтайды.

Қасқыр ағаш басында отыр – аяқтарын топылдатады.

Кастрюлде кесе қайнап жатыр.

Мысық үйдің төбесінде қыдырып жүр.

Ит аспанда жүзіп келеді.

Қыз үйдің суретін салып отыр.

Тренинг: «Қорқыныш» Орманда қараңғы, түрлі дыбыстар шығады. Ол не екен? Қорқып кеттік. Балалар, қорыққанда не істейміз? Тұрып қа-

ламыз. (Мимикамен көрсетеді) көзін жұмады. Ой, қорқынышты болып кетті, бұл қорқынышты жануар шығар, бір дауыс естіледі. **(Мяу)** Көзімізді ашып қарайық. Ол кішкентай мысық екен. Оны қолымызға алайық, жылытайық, сипайық. Міне, мысықпен дос боламыз, енді қорықпаймыз.

Рефлексия: Балалар, бүгінгі сабақта не істедік? Не көрдік? Сіздерге не ұнады?

Жеткіншек жастағы қиын балалардың мінез-құлқын анықтау жолдары

Г. САКЕЕВА

Қазіргі кезде мектептің қойып отырған талабы – оқушыларды негізгі пәндерден терең біліммен қаруландыру, білімдерін күнделікті өмірде өз деңгейінде іскерлікпен қолдана білу. Осы жетістіктерге жету үшін мұғалім оқушының мінез-құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін, таным процестерінің (түйсіну, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиял) дұрыс қалыптасуын қадағалап, әрі дамытып отыруы қажет.

Мұғалім – психологиялық танымдық процестерді калыптастырудағы негізгі тұлға. Ендеше, әрбір баланың психологиясын білу көп ойлануды, көп ізденуді қажет етеді.

Алдымен мінез-құлқында қиындығы бар оқушылардың дара ерекшеліктерін жан-жақты қарастыруымыз керек. Мысалы, белгілі психолог К.К. Платоновтың көзқарасы бойынша «жеке адамның психологиялық құрылымын» төрт бөлікке бөліп қарастырған:

Біріншіден, оның темперамент, жыныс, жас өзгешеліктері, яғни биологиялық қасиеттері;

Екіншіден, оның даму барысының дербес ерекшеліктері, яғни ес, ерік, түйсіну, эмоция, қабылдау және ойлау, т.б. қасиеттері;

Үшінші, баланың әлеуметтік тәжірибесі, білімі, әдет-дағдысы, іскерлігі мен ептілігі;

Төртінші, оның жалпы адамгершілік қасиеттері.

Мұғалімнің негізгі міндеті – бала бойындағы қиындықтарды анықтап, оларды түзету жолдарын дұрыс ұйымдастыра білу. Егер де, мұғалім өз жұмысына немқұрайлы қараса, оқушылардан келесі қиындықтарды байқауға болады:

1. Оқушының қоршаған ортамен қарым-қатынасының бұзылуы;
2. Ерке балалар. Бұндай оқушылар – көбінесе барлық жағдайы жасалған, үйдің жалғыз балалары;
3. Жағдай толық жасалмаған. Психикасының дамуында ауытқулары бар балалар. Осының салдарынан сабаққа үлгермеушілік пайда болады;
4. Отбасы жағдайы мүлдем нашар, яғни бала тәрбиесіне кері әсер етушілік маскүнемдік, бала тәрбиесіне көңіл бөлмейтін, т.б.

Е. Волкова, Гаспаровалар мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларды мынадай топтарға бөледі: а) сезім әрекетіне бой алдырғыш оқушылар (жылауық, кекшіл т.б.); б) агрессивті; в) қыңыр, қырсық; г) ұялшақ; е) тынымсыз, белсенді бала. Бала тәрбиесінде отбасында дұрыс тәрбие бермеудің төрт жолы бар: 1. Қабылдамау; 2. Гиперсоциалды; 3. Қорқақ-секемшіл; 4. Эгоорталықты.

Қабылдамау – егер ата-анада балаға деген сүйіспеншілік, жылу болмаса, бала мұндай әсерді қабылдай алмайды. Қабылдамау әйел жүкті болған кезде баланың дүниеге келуіне қарсы болғаннан пайда болады. Қабылдамаудан бала кез келген нәрсеге тітіркенгіш болып келеді. Гиперсоциалды – мұндай ата-аналар «дұрыс» ата-аналар. Ата-ана баласын сағатпен тамақтандырып, ойнағысы келсе ойнатып, ұйықтағысы келсе ұйықтатады. «Амандасуды» қинап айтқызады. Мұндай ата-ана мектепте баласын мақтағанды ұнатады, баласы туралы кемшілік айтса, намыстанып кетеді. Олар талапты орындағыш келеді. Гиперсоциалды бала «робот», «автомат» сияқты өмір сүреді. Қорқақ-секемшіл – бұл жолмен тәрбиелейтін ата-аналардың баласы шамалы ауырса, оны үйден шығармай, жанұясымен соның бетіне қарап, жағдайын жасап, баланың ойын алдын-ала ауруға дайындайды. Нәтижесінде бала жиі-жиі өзіне «Мен ауырып қалмаймын ба?» «Мен өліп қалмаймын ба?» деген сұрақтар қояды. Баланы тым қадағалау нәтижесінен, талапты шамадан тыс қоюдан, балада, керісінше, қорқақ-секемшіл мінез қалыптасып, кез келген нәрсеге қорқынышпен қарайды. Құрдастарымен ойнай алмайды, өкпелегіш, өзіне сенімсіз болады. Эгоорталық – бұлай тәрбиеленген балалардың болашақ қарым-қатынасында отбасының жауапкершілік деңгейі жоғары болады. Баланың ортаға деген көзқарасы төмен болатындығы байқалады. Ата-анасы барлық уақытта оның айтқанын істеу керек, үнемі көңіл бөліп отыруы керек, «болмайды», «жоқ» дегенді түсінбейді. Күтуге шыдамы жоқ, тез ашуланшақ. Мұндай балалар тұрақсыз, қыңыр, қырсық, тіл алмайтын болып тәрбиеленеді. Міне, осылай дұрыс тәрбиелемеуден баланың мі-

нез-құлқы қиын болып қалыптасады. Сондықтан әрбір отбасы балаға дұрыс тәрбие беруі керек.

Ал, әрбір мектеп психологтары жас ерекшелігіне сәйкес мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларды анықтап, арнайы бағыттар бойынша түзету-дамыту жұмыстарын жүргізсе, ата-аналармен тұрақты байланыста болса, болашақта қоғамның әрбір азаматы осындай «қиын бала» қатарынан көрінбейтіндігіне сенімдіміз. Оқушылардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себептерін көптеген психологтар отбасында дұрыс тәрбие бермеудің салдарынан болатындығын анықтап, оларды бірнеше түрге бөліп қарастырады:

- Отбасының әлеуметтік, экономикалық жағдайы;
- Баланың рухани дамуына ата-ананың немқұрайлы қарауы;
- Қараусыз бала, қамқорлықтың жеткіліксіздігі, ана баланың тек қана материалдық жағдайын қамтамасыз етеді. Бала өзінің үлкендерге керексіз екенін сезінеді.

- Шектен тыс қамқорлық, бақылау кезінде бала өз бетінше жұмыс істеуін, жауапкершілігін сезінеді.

Ата-анасының мейірімін көрмеген бала көбінесе мейірімсіз, ызалы, құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайды, кейде тұйық, шектен тыс ұялшақ болады. Ата-анасының шектен тыс мейірімінде өскен бала өзімшіл, нәзік, тым төзімсіз, екі жүзді болуы мүмкін. Яғни, отбасы тәрбиесі адам өмірінде өте маңызды рөл атқарады.

М. Жұмабаевтың «Педагогика» ғылыми еңбегінде: «Жас бала – жас бір шыбық, жас кезінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ», - деп түйін жасайды.

Осы орайда, Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбие» атты еңбегіндегі тәлім-тәрбиелік ғылыми пікіріне тоқталғым келеді. Ж. Аймауытов: «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... адам баласының ұрлық істеу, өтірік айту, кісі тонау, өлтіру сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен», - дейді. Ендеше, ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты екен.

Әжемнің баласы едім

Б. БЕЙСЕКЕЕВА

«Құрметті Бақыт апай! Сізбен көптен бері сыр бөліскім келіп еді... Мүмкін ақыл бересіз.

Менің жасым 14-те. Анам мен өмірге келген соң екі айдан кейін соқыршектен көз жұмыпты. Мені нағашы әжем асырап алыпты. Анамды тек фотосуретінен ғана білемін. Сұңғақ бойлы, шашы қалың, өте әдемі болған екен. Мен анама тартыппын. Тірі болса, биыл 42 жасқа толушы еді. Әжетайым анамды жоқтатқан жоқ. Нағашыларымның бәрі мені еркелетеді. 14 жасқа толған туған күнімде бірі куртка, бірі ноутбук, бірі алтын сырға, бірі әдемі көйлек сыйлады. Бірде үйге бір кісі келді, оны суретінен танитынмын – әкем. Естуімше, менің кішкентай кезімде келіп жүріпті де, кейін хабарласпай қойыпты. Сөйтсем, ол кісі туып-өскен елі Ақтау жаққа кетіпті. Үйленіпті, екі баласы бар екен. Енді Павлодарға көшіп келіпті. Әйелі – мұғалім. Былтырдан бері олар мені қолдарына алмақшы болып жүр. Бір рет болмай үйлеріне алып келді. 7 жасар інім мен 1 жасар сіңлім бар екен. «Бауырларыңа бас-көз бол, шешеңе көмектес (ол менің шешем емес), үй жинап, шаруа істеп үйрен», - дейді әкем. Олар маған бала баққызбақ, білемін. Үй шаруасын үйрен дейді. Әжем маған бәрін үйретті, сиыр сауамын, тіпті қой қырқа аламын, құрт қайнатамын, бауырсақ та пісіремін. Әжем не істесе, соның бәрін маған айтып, көрсетіп отырады. Екеуміз жүн түтеміз, ұршық иіреміз, кейде менің сабағымды бірге оқимыз. Ол кісінің жасы 69-да. Менің анам тұңғышы ғой, есіне алып жылайды. Сосын мені айтып, жұбанады. Бір жағынан мені қала өмірі қызықтырады. Екінші жағынан әжемді қимаймын. Әкеме: «Әжем екеуміз бірге келейікші», - деп едім, үндемеді. Бірақ қайда барсам да, әжемді тастағым келмейді. Биыл да әкеме бармай ауылда қалдым. «3-4 жылдан соң мектеп бітіресің, қалада оқысаң жақсы білім аласың», - дейді әкем. Мен – ауыл мектебінде оқу озатымын.

Бақыт апай, мұндайда не істеуге болады? Ақыл-кеңесіңізді күтемін».

Сәлеммен – Айшолпан, Екібастұз қаласы.

- Айналайын, Айшолпан, сен әже тәрбиесін көрген, жақсы қасиеттерді бойыңа сіңірген ақылды бала екенсің. Анаң өмірден ерте кетсе де, артына өзінен аумайтын сен секілді сүйкімді қызын қалдырыпты. Әжеңнің, нағашыларыңның жұбанышына, көз қуанышына айналып-сың, үздік оқитын көрінесің. Бұл жақсы!

Әкең сені алып кеткісі келеді екен, ол – дұрыс. Бауырларыңмен бір үйде өссін, бір-біріне жат болып кетпесін деген тілегі болар. Сенің әжеңді қимайтының да дұрыс. Өйткені осы жылдарда әжең саған әке де, ана да бола білді. Сенің қазіргі екі оттың ортасында қалғандай жағдайыңды түсінемін. Бұл жағдайдан әжеңді, әкеңді және өзіңді ренжітпей алып шығар жол табуың керек.

Айшолпан, әкеңнің үйі – сенің үйің, бауырларың бар. Олармен араласып, отбасының тұңғышы ретінде қамқор болу – сенің міндетің. Бұл жерде «мені бала бақызып, үй жинату үшін шақыртып отыр» деген ойдан аулақ болуың керек. Екіншіден, өгей шешен – бауырларыңның анасы бар. Ол кісіге де көмектесіп туған анам демесең де, кішілікпен иіліп, анаңдай көруге тиіс. Үшіншіден, әжең бар, қимайсың.

Енді не істеу керек? Сен мерекелерде, демалыстарда әкеңе келіп тұруға тырыс. Сонда бауырларың да, өгей анаң да саған үйренеді. Бауырларыңа қарасып, отбасының шаруаларына араласып, көмектес. Әжеңді тастамаймын деуің дұрыс, бірақ әр істің өз орны бар. Әжеңді алып келсең, ол кісіге оңай болмайды. Өйткені көз алдында туған қызы – сенің туған анаң болмағаннан кейін қиналып қалуы мүмкін. Әжеңнің басқа балалары бар, сондықтан ол жалғыз қалмайды. Әрине, сен әжеңді де ұмытпай, ең алдымен қарт кісіге көмектесуің керек. Бірақ есіңе сақта, жасы келіп қалған қарт адам өмір бойы сенімен бірге бола алмайды ғой. Ал сенің болашағың алда. Сондықтан жағдайды түсініп, әжеңе де, бауырларыңа да қамқор бола біл!

Сен ақылды қызсың, Айшолпан. Сондықтан бұл жағдайда ақылың серік болсын, айналайын!

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБҰЛОВА Лейла Шәкімқызы – «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған әлеуметтік бейімделу орталығы, Облыстық жасөспірімдер үйі» КММ тәрбиешісі. Қостанай облысы.

БЕЙСЕКЕЕВА Бахыт Омархановна – жоғары санатты педагог-психолог, Қазақстанның Үздік ұстазы орденінің иегері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Нұр-Сұлтан қаласы.

БИСЕНОВА Жанар Ислямғалиевна – №47 ЖОББМ шағын орталық психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ЗАКОРА Татьяна Дмитриевна – воспитатель КГУ «Областной дом юношества» Управления образования акимата Костанайской области.

ИМАНГАЛИЕВА Айнагуль Назаровна – педагог-психолог СОШ №25. г. Уральск. Западно-Казахстанская область.

ИСМАГУЛОВА Айдана Жүрсінқызы – Рудный қаласы білім бөлімінің №19 жалпы білім беретін мектебінің психологы. Қостанай облысы.

КАРИМОВА Нургуль Серикбаевна – Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектебінің психологы. Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

ҚҰТТЫБАЕВА Айгүл Қанағатқызы – «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған әлеуметтік бейімделу орталығы, Облыстық жасөспірімдер үйі» КММ тәрбиешісі. Қостанай облысы.

МҰҚАНОВА Айгүл Жақсылыққызы – «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған әлеуметтік бейімделу орталығы, Облыстық жасөспірімдер үйі» КММ тәрбиешісі. Қостанай облысы.

ОЛЖАЕВА А. – «Zerdesht» зияткерлік мектебінің педагог-психологы. Алматы қаласы.

ӨТЕНИЯЗОВ Самат – т.ғ.к. Мадрид және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университеттер профессоры. Алматы қаласы.

САКЕЕВА Гүлхан Жаманбайқызы – №177 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. Жетісу ауданы, Алматы қаласы.

САТҚАНҒҰЛОВА Айнұр Төлегенқызы – М. Әуезов атындағы орта мектептің психологы. Индер ауданы, Атырау облысы.

СИСЕНОВА Гулим Салимовна – №4 жалпы орта білім беретін мектебінің «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ШОТАН Ақбілек Ермаханқызы – Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектептің мұғалім-логопеді. Алматы қаласы.